

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:  
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*  
**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ**

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

*Казахский язык и литература  
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**1/2015 ҚАҢТАР**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

---

---

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<b>Мұғалімдерге көмек</b>	
Бибігүл СЕРҒАЗИНОВА.	Психологиялық ахуалдың сабақтың тиімділігіне әсері.....3
Бақытгүл НЕМЕРЕНОВА.	Білім сапасын арттырудағы қолданылатын әдіс-тәсілдер.....6
<b>Мұғалім мінбесі</b>	
Гүлзагира ДҮЙСЕНОВА.	Диалогтік оқытуды пайдаланудың маңыздылығы.....13
Дария КӨПШІЛБАЕВА.	Курстан алған әсерім.....16
<b>Тиімді әдіс – баршаға ортақ</b>	
Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА.	Диалогтік оқытудың бір түрі – зерттеушілік әңгіме.....21
Айгүл АБДУОВА.	Қазақ тілін оқытуда ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану.....24
Күләш РАХЫМБАЕВА.	«Миға шабуыл» стратегиясы.....29
<b>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</b>	
Ұмсынай ҚОСУМОВА.	Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт.....32
Бақыт ЕРЖАНОВА.	Қадыр Мырза Әлі. «Жеті».....36
<b>Тарихи тұлға тағылымы</b>	
Гүлжанат АБАКАШЕВА.	Абай Құнанбайұлы ой-пікірлерінің тағылымдық мәні.....40
<b>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</b>	
Жанат ЖҰМАБАЕВА.	Менің қалам.....45
Баян ЖАПАРОВА.	Етістіктен өткенді қайталау.....55
Назымгүл БАЙМАҒАМБЕТОВА.	Күзгі серуен.....62
Лейла САДЕНОВА.	Менің Отаным – Қазақстан арқылы зат есімді қайталау.....67
Майра ЕЛІКБАЕВА.	Ұстаз.....76
Гүлназ ТҮРСЫНОВА.	Анама не сыйлаймын?.....80
Миргүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ.	Құрманғазы Сағырбаев.....86
Тотия МҰҚАШЕВА.	Қағмен жұмыс.....92
Назгүл ҚАПАНОВА.	Үндестік заңы.....99
Рыскүл ШАЙМҰРЗАҚОВА.	Алтын күз.....104
<b>Бастауыш білім бағанасы</b>	
Татьяна ЛУПУ.	Ғажайып әріптер.....112
Рая БАЙЖАНОВА.	Қайдан келдің, бауырсақ?.....119
<b>Білім сынағында</b>	
Айсұлу НАЛИЕВА.	Тест тапсырмалары.....126

## Мұғалімдерге көмек

Бибігүл СЕРҒАЗИНОВА,  
Павлодар облысының  
Ақсу қаласындағы  
№4 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫҢ САБАҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

*Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұға білу болып табылады.*

**В.А.Сухомлинский.**

Тиімді жұмыс атқару үшін маман өзінің беретін пәнін, әр түрлі әдіс-тәсілдерді жетік білуі керек, оқушылармен тығыз қарым-қатынаста болуы қажет. Осы мәселелерді әрдайым сабақта, сабақтан тыс уақытта, белгілі бір мақсатта емес, әр түрлі жағдайларда қолданып отыру атқарылған жұмыстардың нәтижесін көрсетеді.

Баланың жеке тұлға ретіндегі дамуына, өзіндік көзқарасының калыптасуына, ой-өрісінің кеңеюіне психологиялық ахуалдың қосар үлесі мол.

Міржақып Дулатов былай деген екен «... Жылқы біткен дүлдүл болмайды, құс біткен бұлбұл болмайды, адам баласы да солай. Жұрттың бәрі шешен, әнбоз, ақын, данышпан болып туа бермейді. «Күйсіз көңіл жүгірмейді» деген бар. Дүлдүлге де күй керек, бұлбұлға да жайлы орын, көңілді бақша керек. Адам баласы бәрінен де артық күй таңдайды. Тумысында зеректік болса да, ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне кетпейді».

Көтеріңкі көңіл-күй есте сақтау үдерісін арттыра түседі. Бұрынғы бастан кешкен оқиғалар мен соған байланысты ақпарат есте берік сақталады. Осыдан сезім күйі мен ойлау сапасы арасындағы белгілі бір заңдылықтар байқалады: психологиялық комфортты жағдай танымдық мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызады. Ал психологиялық дискомфортты жағдай оның орындалуын тежейді. Мейірімді, көтеріңкі көңіл-күймен істеген жұмыс қыза түседі. Психологтардың байқауы бойынша, көтеріңкі көңіл-күй еңбек өнімділігін арттыратын құдіретті фактор болып табылады.

Ұстаздың ең басты парызы – сабақта көңіл қанағаттанарлық жағдай, көтеріңкі көңіл-күй, жалпыға бірдей өзара сыйластық кеңістігін қалыптастыру. Сондықтан, сабақты бастамай тұрып, психологиялық ахуал тудырып, балаларды «ояту» қажет.

Жанға жайлы психологиялық жағдай оқушылардың шығармашылықпен қатар қиялдану үдерістерін арттырады. Танып-білу әрекеті жоғары қанағаттанушылық күйінде өтеді. Психологиялық

комфортты жағдай оқушыны қарым-қатынастың елеулі өнегесінде тәрбиелеп, жаңа ақпаратты меңгеруге дайындығын көтере отырып, жаңа білімді игеруге сананың барлық саңылауларын ашады.

Психологиялық комфортты жағдай психологиялық түйіспені (контакт) қамсыздандырады, ал психологиялық түйіспе ұтымды психологиялық ахуалдың болуына жол ашады. Ұтымды психологиялық ахуал:

- оқушылардың шығармашылықпен қатар қиялдану үдерістерін арттыруға;
- оқушыны қарым-қатынастың елеулі өнегесінде тәрбиелеуге;
- жаңа ақпаратты меңгеруге дайындығын көтере отырып, жаңа білімді игеруге сананың барлық саңылауларын ашуға;
- танып-білу әрекетінің жоғары қанағаттанушылық күйінде өтуіне;
- есте сақтау үдерісін арттыруға;
- оқу еңбегін өнімді, сапалы болуына жетелейтін құдыретті фактор болып табылады.

Атап өтілген жағдайлардың салдарынан ұтымды психологиялық ахуал балалардың психикалық дамуындағы ауытқудың алдын алып, жүйке ауруларына тосқауыл қою арқылы денсаулығы мықты, білімі сапалы, адамгершілігі мол жас ұрпақ тәрбиелеуге жол ашады.

Сабақ басында психологиялық ахуал туғызу үшін сан түрлі жағдай жасағанды жөн көремін. Бұл баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түседі, оқушылар бір-бірімен жұмыс

істеп, сабақтың тиімділігі арта түседі, оқушылардың барлығы ат салысып, сабаққа қатысусыз қалмайды. Психологиялық ахуал туғызудың көбінесе ойын түрін қолданғанды жөн көремін.

Ойын – бала табиғатымен егіз, өйткені бала ойынсыз өспек емес, жан-жақты дамымақ та емес. Ол – бала миын жаттықтыратын әрі тынықтыратын негізгі жаттығу. «Ойын – баланың өз ісі. Баланың ойынына кірісуші болма. Баланы бір нәрсе бүлдірмес үшін тек шеттен бақыла. Есте болуы керек, бақылау деген сөз – қарауылда тұрған солдаттай қабағыңды түйіп, қарап тұр деген сөз емес, олай тұрсаң бала ойынына кірісуші болма!» деген Мағжан Жұмабаев.



**Бақытгүл НЕМЕРЕНОВА,**  
Алматы қаласындағы  
№133 жалпы білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР**

Бүгінде білім сапасын арттыру – ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Қазақ тілін оқыту үрдісінде білім сапасын қалай арттыруға болады?

Жалпы, қазақ тілін ұлт мектептерінде оқытудың негізгі мақсаты – тіл үйрету, яғни, оқушылардың қазақша дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру, грамматикалық формалар мен сөйлем құрылысын меңгерту. Оқушыларға қазақ тілін меңгертуде жақсы нәтижеге жету үшін, мұғалім сабақтың түріне қарай әр түрлі әдіс-тәсілдерді орынды қолдануы керек. Оқушының тілін дамыту әдістерін сөз етпек бұрын, дидактикада әдіс-тәсілдерге қандай анықтама берілгеніне тоқталып кетейік.

**Әдіс (методос деген грек сөзінен туады – зерттеу немесе таным жолы) – тәсілдер жиынтығы. «Оқыту әдісі – мұғалім мен оқушылар жұмысының тәсілдері, солардың көмегімен білімді, іскерлікті және дағдыны игереді, оқушылардың дүниетанымы қалыптасады, қабілеттері дамиды»** (Педагогикалық энциклопедия).

Демек, оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын меңгерту, көзқарасы мен танымдылық мүмкіндіктерін қалыптастыру мақсатында мұғалімнің сабақ барысында қолданатын құралдарын әдіс-тәсілдер дейміз. Әдіс-тәсілдер мұғалімнің сабақ үстіндегі іс-әрекетінің құралы болып, оқушының оқу әрекетін белгілейді. Әдіс-тәсілдің таңдалуы оқылатын материалға байланысты болуы керек.

Ғалымдар оқу әдістерін үш топқа бөледі:

1. Сөздік әдістер (әңгімелеу, әңгіме, баяндау, кітаппен жұмыс).
2. Көрнекілік әдістер тобы (демонстрация, бейне әдістері, бақылау әдістері).
3. Практикалық немесе машықтық әдістер

(лабораториялық, практикалық, графикалық жұмыстар, өзіндік оқу жұмыстары, жаттығулар, іскерлік, танымдық ойындар, ситуациялық, дискуссиялық әдіс).

Қазақ тілін оқытуда білім сапасын арттыру үшін, ең алдымен, бұл пәннің ерекшеліктерін анықтап алу керек. Қазақ тілін басқа ұлттарға оқыту үрдісінде бөлінбейтін екі мақсат бар: тілдік біліктілікті дамыту және тілдік материалды меңгерту. Бұлардың екеуі де практиканы, жаттығуды талап етеді. Сондықтан қазақ тілін оқытуда білім сапасын арттыру үшін қолданылатын негізгі әдістердің бірі – практикалық немесе машықтық тәсілдер болып келеді, соның ішінде негізгісі – **жаттығу тәсілі**. Жаттығулар тілдік біліктілікті дамыту үшін, тілдік материалды меңгеру үшін, бастапқы біліктіліктерді меңгеріп, оларды дағдыға айналдыру үшін қызмет етеді. «Педагогика» оқулығында жаттығуға мынандай анықтама беріледі: **«Жаттығу – ол оқыту тәсілі, жоспарда ұйымдастырылған бірнеше рет қайталанатын іс-әрекет, білік пен дағдыны игеруде және олардың сапасын көтеру мақсатында орындалады»**. Оқушыны сөйлеуге жаттықтыру жұмысы тілдік материалдан тұратын жаттығулар арқылы жүргізіледі. Жаттығулардың түрі де, мақсаттары да әр түрлі. Оларды грамматикалық, лексикалық және фонетикалық жаттығуларға бөлуге болады. Жаттығу жұмыстары белсенді, жүйелі түрде және белгілі мақсатпен орындалуы керек. Тіл дамытуға арналған жаттығуларды құрастырған кезде, келесі жүйені пайдаланған жөн: тыңдау – қайталау – сөйлеу. Практика нәтижелі болу үшін, оқушыға не істеу керек екенін, қалай орындау керек және материалды қалай пайдалану керек екенін көрсету керек. Сондықтан

осыдан туындайтын тағы бір тәсіл, ол – **көрсету тәсілі**. Бұл тәсіл коммуникативті бөлшектердің, сөздердің, грамматикалық формалардың мағыналарын анықтайды. Оқушының тілі жаттығу үшін мұғалім тілдік үлгілерді көбірек беруі керек. Мысалы, ілік септік формасын өткенде, оны тәуелдік жалғаумен байланысып тұрған грамматикалық формада беріп, жаттықтырған дұрыс. Мысалы, *ағаш-тың жапырағ-ы, гүл-дің иіс-і, оқушының дәптер-і*. Сонымен қатар, белгілі бір мағыналы форманы беріп, оған бір грамматикалық тұрғыдағы сөздерді қатыстыру. Мысалы: *Оқушының дәптері таза. Оқушының дәптері жаңа. Оқушының дәптері кір*. Жаттығу жұмыстарының ішіндегі ең тиімді де, оқушы үшін қызықтысы да, ол – суретпен жұмыс. Суретпен төменде берілген түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізуге болады.

- Әңгіме құрастыр;
- Берілген тірек сөздермен сөйлем құрастыр;
- Кілт бойынша сөйлемдерді толықтыр;
- Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер;
- Суретке қарап сұрақтар құрастыр;
- Суретке ат қой;
- Суретті әңгімеле;
- Тірек сөздерді пайдаланып, суретті әңгімеле;
- Берілген бір сөзге бірнеше сұрақ қой;
- Суреттегі сөздерді жаз және т.б.

Мұндай жұмыстарды орындағанда оқушының есте сақтау қабілеті арта түседі, тілі жаттығады. Алайда, көрнекілікті орынды пайдалану керек. Оқушылардың қазақ тілін меңгеруде қызығушылықтарын арттыру үшін және ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту үшін ойын, ойын-жаттығуларды пайдаланған тиімді. Мысалы, жарыс

элементтерін пайдаланып, мынадай грамматикалық жаттығуларды өткізуге болады.

***Кім сұраққа неғұрлым көп жауап береді?***

*Аспан қандай? Аспан таза. Аспан ашық. Аспан көгілдір. Аспан бұлтты. Ауа райы қандай? Ауа райы жақсы. Ауа райы суық. Ауа райы құбылмалы. Ауа райы салқын, т.б.*

***Кім берілген сөйлемге көп сұрақ қоя алады?*** Бір оқушы сөйлем айтады.

***Терезенің алдында гүл тұр. Оқушылар берілген сөйлемге сұрақ қояды.***

*Терезенің алдында не тұр? Терезенің алдында қандай гүл тұр? Гүл қайда тұр? Гүл терезенің алдында тұрма?* Тілді үйренуде материалды тілдік бөлшектерге бөліп оқыту аса тиімді. Бұл тәсіл оқушыдан тек қана есте сақтауды талап етпейді, оқушының өзіне тиісті операциялар арқылы ойланып айтуын талап етеді. Мысалы: *Біз судың тазалығын сақтауымыз керек. Біз сақтауымыз керек. Тазалығын сақтауымыз керек. Судың тазалығы.* Бұл сөйлемді үш бөлшекке бөлуге болады. Соңғы сөз тіркесіне көңіл бөліп, оның ілік септік пен тәуелдік жалғау формасында тұрғанын анықтаған дұрыс. *Тазалық-тазалығы* – дыбыс үндестігіне байланысты қатаң қ дауыссыз дыбысы ұяң ғ дыбысына ауысып отыр. Мұндай құбылыстарға үнемі көңіл бөліп отыру керек. Ал оны ғылыми негізде бергенде, оқушының танымдылық қабілеті артады.

**Түсіндіру** – жаңа грамматикалық тақырыпты не болмаса грамматикалық форманы меңгерту үшін қолданылатын тәсіл. Түсіндіру әдісі мұғалімнің сөзі, баяндауы арқылы орындалады. Мұғалім дайын материалды баяндап қана қоймай, оны оқушы

санасына жеткізуге, оқушының оны жақсы түсінуіне көңіл бөледі. Түсіндіру тәсілі әдіс ретінде жаттығу және көрсету тәсілдерін толықтырып отырады. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқытуда **есту және көру тәсілдері** де жиі қолданылады.

Қазақ тілі сабақтары тиімді өту үшін диалог, ситуативті жағдайлар әр сабақта қолдануы керек. Қазіргі кезде оқу үрдісінде жаңа технологиялар кеңінен пайдалануда. Сабақ түріне байланысты технология элементтерін оқу үрдісінде мұқият құра білген жағдайда оқушылардың білім сапасын едәуір арттыруға болады. Мысалы, модульдік оқыту технологиясы оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әр түрлі белсенді формаларды пайдалануды талап етеді. Орынды пайдаланған **оқыта-үйрету ойындар мен топтық, жұптық жұмыстар** қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеуіне зор мүмкіндік туғызады. Мысалы, «Бір-біріне диктант жүргізу» ойыны бірнеше мақсатқа жеткізеді. Біріншіден, оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады, екіншіден, оқушының ауызекі сөйлеу тілін жаттықтырады, үшіншіден, сауаттылығын арттырады. Бұл ойынның шарты: *Балалар 4 адамнан топтарға бөлінеді. Әрқайсысына мәтіні бар нөмірленген (1,2,3,4) кәртішке беріледі. Оқушылар жұп-жұбымен отырады (1 мен 2, 3 пен 4). Әр жұп өз мәтіндерін оқып, серігіне жазғызады, тексереді. Артынан жұптар серігімен алмасады. Ойын барысында үш жұп құрамы алмасады.* Сонда сабақ барысында әр оқушы сөйлейді, жазады, тыңдайды және серігін тексерген кезде өзі тағы бір рет мәтінді қайталайды. Осындай оқыта-үйрету ойындарының көптеген түрі М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны

дамыту құралы ретінде» атты кітабында берілген. Инновациялық технологиялардың құрамындағы жиі қолданылып жүрген тәсілдердің бірі, ол – сараланған тапсырмалар. Оқушы тапсырманы өзінің мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті. Бұл оқушының өз-өзіне деген сенімдігін арттырады, білімін шын мәнінде жақсартуға ықпал етеді.

Оқушылардың білімін, білігін, дағдысын бағалауда қолданылатын тексеру жұмыстары да әр түрлі. Соның ішінде белсенді тәсіл түріне жататын **өз-өзін немесе бір-бірін тексеру тәсілі**. Белсенді тәсіл түрлері оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады, білім сапасының көтеруіліне ықпал етеді.

Әдіс-тәсілдердің түрі көп, бірақ оларды орынды қолдану ғана көздеген мақсатқа жеткізіп, білім сапасын арттырады.

Өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқытып үйрету талабы тіл мамандарының алдына үлкен жауапкершілік артып отыр. Сондықтан да қазақ тілі сабағында оқушылардың білім сапасын арттыру мұғалімнен шеберлікті, ізденушілікті, әр түрлі әдіс-тәсілдерді оқушының білім деңгейіне қарай тиімді қолдануды қажет етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. А., Педагогика. 2004.
2. А.А.Миролюбова. Общая методика обучения иностранным языкам в средней школе. М., 1967.
3. М.М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы (оқушыны дамыту құралы ретінде). А., 2002.

Мұғалім мінбесі

Гүлзағира ДҮЙСЕНОВА,  
Алматы қаласындағы  
Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы  
№75 жалпы білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі. Білім берудегі мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған жаңа мазмұнды бағдарламадан түсінгенім, қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «менін» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынаста болады екен. Білім – тоқтаусыз, толассыз үрдіс. Қарқынды дамып жатқан өмір жағдайында үздіксіз білім алу қажеттілігі бізден тәуелсіз оқи білу қабілетін талап етеді. Жаңа заманауи талаптарға сай оқушылар тәуелсіз болғанды ұнатады. Ал тәуелсіз оқушыларда тәсілдер, сапалар, дағдылар және білім кешені болады. Есейіп дамыған сайын оқушы тәуелсіздікті көбірек қажетсінеді екен. Ал білім беруде біз неге

мұны қолданбасқа? Біз болашақта сыни тұрғыдан ойлай алатын, өз білімін өмірде қолдана алатын, өзіне сенімді, білімді ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Бұл модуль – қазақ тілін үйренуде, оқушылардың білім деңгейінің өсуіне көп ықпал ететін тәсілдердің бірі деп ойлаймын.

Ауызекі сөйлесудің ең көп тараған және тіл қатынасындағы соғұрлым табиғи түрі – диалог. Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырады. Сыныпта диалог жүргізілген жағдайда, білім беру жеңіл болады екен. Меніңше сұрақты дұрыс қоя білу мұғалім үшін сабақ берудің тиімді құралы болу керек. Бірақ сұрақты қандай аудиторияға қалай қоясың, бұл үлкен шеберлік деп ойлаймын. Қазақ аудиториясына қойылған сұрақ пен басқа ұлт өкілдерінің аудиториясына қойылған сұрақтың айырмашылығы жер мен көктей. Орыс мектебінің балаларын қазақ тіліне үйрететін болғандықтан мұндай кедергілер маған көп кездесті. Сонда да болса осы балалар үшін қазақ тілін үйренудегі ең қолайлы да, тиімді әдіс – білімді сұрақ қою арқылы немесе диалогтік оқу арқылы оқыту деп ойлаймын. Тек сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкестендіріп құру керек. Сұрақ қою арқылы мұғалім оқушыларын сөйлей білуге, өзінің ойын айта білуге, сыни тұрғыдан ойлау, қабілеттерін дамытуға, басқа оқушылармен пікір таластыра алуына ықпал етеді және осы әрекеттерге жетелейді. Өзімнің сабақтарымда оқушыларыма әр түрлі сұрақтар қоюға тырыстым. Бұл сыныпта мені жақсы түсінетін де, керісінше мені мүлде түсінбейтін де оқушылар

бар. Сондықтан да сұрақты мұқият ойланып, бәріне түсінікті болатындай құруым керек. Оқушылардың ойлау әрекетін дамытуда әңгіме әдісінің рөлі зор екеніне көз жеткіздім. Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырады. Сыныпта диалог жүргізілген жағдайда білім беру жеңіл болады екен.

*Диалог – тіл дамыту үшін, тілдік орта туғызу үшін қолданылатын басты әдістердің бірі. Диалог – бұл екі немесе бірнеше адамның арасындағы әңгімелесу. Коммуникативтік қызметі бойынша диалогта төмендегідей әрекеттер жүзеге асырылатынына көзімді жеткіздім:*

- ақпарат алу және оны жинақтау;
- ақпаратқа өзінің көзқарасын білдіру;
- бір нәрсе жайлы мағлұмат беру және жаңа қосымша мағлұмат алу.

Осы сияқты сөйлесулер барлық сабақтарда болды. Бірақ, оқушылардың сөздік қорының аздығы, қазақ тіліндегі сөздердің байланысын, сөздердің орын тәртібін білмеуі, т.б. себептерден өздері жауап іздеп, тауып, қорытындыға келуге немесе бірнеше баламалы жауаптары бар болуы мүмкін проблемалық сұрақтарды қоя алмадым. Бұл қиындықтан шығу үшін үнемі жана сөздер үйретіп, тапсырмаларды өзгерту арқылы сұрақтарды түрлендіріп, алған ақпаратты күнделікті тиімді қолдануға жағымды жағдайлар туғызу қажет екендігін жақсы түсіндім.

Сабақтарда оқушыларды белгілі бір тақырыптарды талқылауда серіктестерімен отырғызу – пайдалы. Себебі әр оқушы өз пікірін білдіре отырып көршісінің пікірімен де танысады, бірлесе ортақ



шешім шығарады. Мұндай тәсілде оқушы жан-жақты ашылады, пікір білдіруде ең озық ойлылар суырылып алдыға шығады. Бірақ кемшілігі: егер нашар оқитын оқушылар бір топқа жиналып қалса олар мені мүлдем түсінбей қалады, өздерін аралдағыдай сезінеді.

Педагогиканың тиімді, басты тәсілі – әр оқушыны жеке тұлға ретінде қарастыру, ал мұғалімнің міндеті – барлық оқушылардың білім алу, мақсатқа жету, сынып өміріне қатысу қабілеттерін арттыру үшін оны тұлға ретінде дамытуға ерекше көңіл аудару. Демек, өзімізді де, оқушыларды да осы бағытта өзгертуге ұмтылатын уақыт келді.



**Дария КӨПШІЛБАЕВА,**  
Алматы қаласындағы  
№90 мектеп-лицейдің  
мұғалімі.

## **КУРСТАН АЛҒАН ӘСЕРІМ**

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, жанын салып, баланы оқытуда жалықпай еңбек ететін ұстаздар қауымы – әрқашан ізденіс үстінде жүретін жандар. Мұғалім жаңалықты игере отырып, оқушымен санаса алатын, әр шәкірттің жүрегіне жол табатын, мейірімді жан болуы керек. Курсқа келіп, жан-жақты ресурстармен танысып, жаңа жүйенің мазмұнына үңілу – жаңа қадам

басуға жетеледі. Мен қалай өзгердім? Курстан қандай әсер алдым? Биылғы оқу жылында мен 1, 2,3,4-сыныптарға қазақ тілі пәнін жүргіземін. Бұл сыныптарға мен алдымен орта мерзімді жоспар жасадым. Содан кейін әр тақырыпқа күнделікті сабақ жоспарын жазып отырамын. Сабақ, ең алдымен, жағымды психологиялық ахуал орнатудан басталады, кейін оқушыларды түрлі тәсілдермен топқа, жұпқа бөлемін, жас ерекшеліктеріне қарай үлестірмелі материалдар дайындаймын. Сабақ барысында жеті модульдің бірнеше түрін қолданып отырамын, сондай-ақ, тақырыпқа байланысты сын тұрғысынан сұрақтар дайындаймын. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту үшін түрлі сөзжұмбақтар, ойын түрлерін пайдаланамын. Мысалы, «Отан» атты сабағымда оқушылардың сөздік қорын тексеру үшін үш топқа үш түрлі сөзжұмбақ дайындадым. Оқушылар берілген сөздердің қазақша баламасын тауып, болатын сабақтың тақырыбын анықтады. Нәтижесінде оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығы оянып, барлығы топпен жұмыс істеп, өткен сөздерді еске түсірді.



Диалогтік оқыту әр сабақ сайын жүзеге асырылып отырды. Мен әр сабағымда оқушыларға сұрақ-жауап жүргізуде, көбінесе ауызша орындалатын тапсырмалар дайындаймын. Үлгерімі төмен оқушыларға белгілі бір уақыт беремін. Сондай-ақ, кейбір сабақтарда берілген тақырып бойынша бір-бірімен сұхбат құрастырады. Сұхбат құрастыру арқылы ауызекі сөйлеу тілдері дамиды. Орыс сыныптары болғандықтан, олардың сөйлеу тілдерін дамыту – маңызды тәсіл болып табылады.

Сыни тұрғыдан ойлау – баланың ой-өрісінің дамуындағы жетістік. Алайда, сыни тұрғыдан ойлаудың негіздерін кішкентай балалармен жұмыс барысында, қажетті дағдыларды дамыту мақсатында білім берудің ерте кезеңінен дамытуға болатынын түсіндім. Сабақ барысында еркін түрде ойындағыңды қағаз бетіне түсіру арқылы көрсету, ой бөлісу және оны қорытындылау күнделікті дағдымызға айналды.



Бұдан басқа сыныптан тыс уақытта дарынды балалармен қосымша сабақтар өткізіп тұрамын. Олардан шығармашыл болуды талап етемін. Сабақ барысында бағалауды бағалау парақтары мен

тиісті бағалау фишкалары арқылы жүргіземін. Топтық жұмыс кезінде әр топ өздерінің араларынан көшбасшысын тағайындайды. Сөздік жұмысын жүргізгенде бір-бірінің тапсырмасын, кейде әркім өзінің тапсырмасын тексеріп, бағалайды. Мәтінмен жұмыс жасалғаннан кейін міндетті түрде сергіту сәтін өткіземін. Жаңа тақырыпты түрлі ойындар, атап айтқанда, «Кім жылдам?», «Кім тапқыр?», «Сөзден сөз құрастыр», «Сөз ойла, тез ойла», т.б. ойындар арқылы бекітіп отырамын. Сабақ соңында рефлексия жүргізіледі, яғни, балалар сабақтан не білгендерін, не ұнағандарын стикерлерге жазып, тиісті көңіл-күй смайликтеріне жапсырып кетеді. Әр сабақта АКТ-ны қолданамын, презентация жасаймын. Сонымен қатар курстан алған іс-тәжірибемді әріптестеріммен де бөлістім. Қазақ тілі апталығында 4-сыныпта ашық сабақ өткіздім. «Оқытудағы жаңа тәсілдер», соның ішінде «Диалогтік оқыту» туралы мектеп жиналысында баяндама оқыдым, презентация көрсеттім. Менің бұл баяндамамды тыңдаған мектеп директоры және көптеген әріптестерім көңілдерінен шыққанын айтып, маған қолдау көрсетті. Сондай-ақ, әдістеме бірлестігінің отырысында да «Жаңашыл ұстаз – болашақ кепілі!» деген тақырыпта баяндама оқыдым. Әріптестерімді топқа бөліп, оларға сын тұрғысынан жұмыс істеуге тапсырма беріп, психологиялық тест жаздырттым. Олар да менің тапсырмаларымды қуана орындап, барлығы өз ойларын ортаға салуға тырысты. Бұл жаңа әдістің өздеріне ұнайтындығын айтып, сабақтарына өзгеріс енгізгісі келетіндерін білдірді.



*Тиімді әдіс – баршаға ортақ*

**Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,**  
**№1 мектеп-гимназияның**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
 Ақмола облысы,  
 Бурабай ауданы,  
 Щучинск қаласы.

## **ДИАЛОГТІК ОҚЫТУДЫҢ БІР ТҮРІ – ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘНГІМЕ**

Жалпы алғанда, үш айлық курстан кейінгі өткізген сабақтарымның да, оқыған баяндамаларымның да нәтижесі жаман емес деп ойлаймын. Мен өзімнің де сабақ беру стилімнің өзгергенін байқадым. Соған сәйкес оқушыларымның да өзгергенін байқап жатырмын. Қазір оқушыларым еркін сөйлеуге, сыни тұрғыдан ойлануға, өзін-өзі және өзгені бағалауға бетбұрыс жасады. Топпен жұмыс істеуге, бір-бірін сыйлауға, бір-бірінің пікірін тыңдауға үйрене бастады. Қорыта келгенде, алдағы уақытта сабақтарда жеті модульді пайдаланудың тиімді екеніне көзім жетті. Осындай курстан мектептегі ұстаздарымыздың барлығы өтсе, бізге жұмыс істеу жеңіл болар еді деп ойлаймын.

Жалпы мақсаттар:	Диалогтік оқыту арқылы оқушылармен тіл табыса отырып, сабаққа қызығушылығын арттырады; Зерттеушілік әңгіме арқылы сыни ойлауға үйренеді.
Оқыту нәтижесі:	Сабақта зерттеушілік әңгіме жүргізу үшін қабілетті болу.
Негізгі идеялар:	Бұрын көптеген мұғалімдердің сабақ беру үрдісінде оқушылардың еркін сөйлеуі тәртіпсіздік болып саналатын, ал қазіргі таңда диалогтік оқыту – оқытудың ажырамас бөлігі болып саналады.
Коучинг барысы:	<b>Сергіту сәті.</b> «Шырша биі». Мақсаты: дене жаттығуларын жасап, бойларын жазады; <b>Топқа бөлу:</b> аңдардың, үй жануарларының, құстардың суреттері бойынша 3 топқа бөлінді.
1-тапсырма:	Екі адам бір-бірінен сұхбат алады. Жұпта талқылайды. Мақсаты: сабаққа қызығушылығын арттырады, бір-бірімен танысады.

Слайдтармен жұмыс:	Диалог түрлері туралы түсіндіру. Мақсаты: мұғалімдерді коучингтің тақырыбын түсінуге жетелеу.
Топқа 2-тапсырма:	«Әңгімелесу факторы» топпен талқылау, 6 ойлау әдісі арқылы қорғап шығады. Мақсаты: сыни тұрғыдан ойланып, оқудағы қиындықтарды жеңе білу.
Әдіс-тәсілдер:	Ақылдың алты қалпағы туралы слайд көрсетіп, түсіндіремін.
Топқа 3-тапсырма:	Интерактивті тақтада тиіннің сырнай тартып тұрған суреті. Осы сурет бойынша сұрақтар құрастыру.
Слайдпен жұмыс:	Сұрақтардың түрлерін айтып кету. Сұрақтардың төмен дәрежелі, жоғары дәрежелі, ашық және жабық сұрақтар болатыны туралы түсіндіру.
Келесі тапсырма:	Сұрақ түрлеріне ойындар ойнату. «Мен кімін?», «Быж-быж ету». Мақсаты: оқушыларға бағыттаушы сұрақтар беруге үйрену.
Кері байланыс:	Мұғалімдер бағалау парақтарын толтырады. Ұсыныстар, тілек жазып береді.
<b>2. Коучинг атауы.</b>	Топтық жұмысты ұйымдастыру;
Жалпы мақсаты:	Мұғалімдерді топтық жұмысты дұрыс ұйымдастыруға жетелеу.
Коучинг барысы:	<b>Мұғалімдерді қызықтыру мақсатымен өзім шығарған коучинг туралы жүрек жарды өлеңімді оқып бердім. Сергіту сәті.</b> «Егіздер биі». Мақсаты: көңілді әуенмен бойды сергітіп, қызықты тапсырмалар орындау; <b>Ұжымды топқа бөлу:</b> қалпақтардың түстері арқылы екі топқа бөлінді.

	Мақсаты: сыни тұрғыдан ойландыру арқылы топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру.
Интерактивті тақтадағы слайдтар бойынша түсіндіру.	Топтардың көлемі, топтық жұмыстың маңызы, оқушыларға қандай әсері, топтық жұмыстың ережесін шығаруды түсіндірдім.
Топтарға 1-тапсырма.	1-топқа тапсырма. «Топтық жұмыстағы ішкі және сыртқы кедергілерді жою». 2-топқа тапсырма. «Мұғалімдердің топтық жұмыстағы рөлі». Мақсаты: мұғалімдер тапсырманы орындау барысында тиімді әдіс-тәсілдерді меңгереді, қызықты тапсырмалар орындайды.
Әдіс-тәсілдер:	«Ыстық орындық» әдісі арқылы өз тобының тапсырмасын қорғайды. Мақсаты: біреуге алаңдаушылықты танытуды ынталандыруға, мазмұнды «түсінетіндігін» түсінуге арналған драмалық тапсырма. Сұрақтарды зерделеп, ұстанымдарды негіздеуге мүмкіндік береді.
Топтарға 2-тапсырма.	«Жаңа формация мұғалімінің бейнесін сомдау». Мақсаты: мұғалімдерді сыни тұрғыдан ойландыру.
Топ жұмысын бағалау.	Топ ішінде талқылайды. Әр топ бірін-бірі бағалайды.
Бағалау.	Мұғалімдер бағалау өлшемдері бойынша бір-бірін бағалайды.
Кері байланыс.	Ұсыныс, тілектерін ашық хат түрінде жазып береді.

Айгүл АБДУОВА,  
Қарағанды қаласындағы  
№32 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУДА АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Қазақ тілін орыс тілді аудиторияға үйрету кезінде ақпараттық және компьютерлік технологияның қолданылуының маңыздылығы туралы көп айтылуда. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесінің жаңа саласы болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «...ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың да жаңа нысанына бағдарланған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр», - деп атап өткен болатын. [2]

Мектептердегі компьютерлік техниканың жетіспеушілігі, оқушылардың және оқытушының компьютерлік технология саласындағы білімдерінің төмендігі – бұл мәселені әлі толығынан шешпей отыр, әлі де даму барысында.

Біріншіден, мұғалімнің компьютерлік технологияларын меңгерудегі білімдері мен дайындығы оқушының деңгейінен озық болу

керектігін атап өту керек. Мысалы, қазіргі заманауи компьютерлік техниканың барлық мүмкіндіктерін біліп пайдалану, компьютерлік байланыс жүйесінің негіздерін білу – мұғалім үшін ең басты талап.

Екіншіден, әрине, мұнда кешенді мультимедиялық кабинеттің негізінде мұғалімнің өз сабағының әдістемесін толық біліп, оны үйлесімді өткізуі – ұстаздың шеберлігі болып саналады.

Қазіргі таңда электрондық пошта мен Интернет жүйесіне шығу еш қиындық туғызбайды. Кейінгі кезде мұғалім сабаққа материал жинау, жоспарлау кезінде интернет жүйесін кең қолданатыны ешкімге құпия емес. Өз тәжірибемде педагогикалық сайттардан керекті ақпарат іздеуде және мұғалімдердің электрондық қауымдастығында әріптестеріммен байланысып, кеңес алуда, пікір алмасуда интернетті жиі қолданамын. Ең ыңғайлы байланыс - электрондық пошта арқылы әріптестеріммен ақпараттар, құжаттар алмасуды үзбеймін.

Бүгінгі таңда қазақ тілі сабақтарында компьютер жүйесін қолдану – ұстаздың да, оқушының да жұмысын жеңілдетеді, оқушылардың сабаққа деген ынтасы артады. Керекті көрнекіліктер, сызба-таблицаалар, үлестірмелі деңгейлі дидактикалық тапсырмалардың барлығын компьютерді қолдану арқылы өткізу оқушылардың қабылдауын жеңілдетеді. Шағын диктанттар жазу, керекті сөздерді орнына қою, тест жұмыстарын өткізу, грамматикалық тапсырмаларды орындау, ауызекі сөйлесуді оқушылар аса қызығушылықпен орындайды.

Мектептегі компьютерлік кабинеттің жабдықталуына байланысты сабақтың сапасы да, мүмкіндігі де кеңее түседі. Әсіресе, тақырыпқа байланысты суреттер, слайдтарды пайдалансақ, сабақ оқушының есінде сақталады. Өйткені, психологтардың айтуынша, адамдар ақпаратты қабылдайтынына қарай көбінесе, аудиалдар, визуалдар болып бөлінеді. Аудиалдар ақпаратты есту мүшесі арқылы қабылдайды. Визуалдар айналасында жүзеге асып жатқан құбылыстарға терең үңіліп, ақпарат көздері арқылы қабылдайды. Олар көз алдына суретті елестетіп, оны сипаттап бере алады [1]. Осыған байланысты, оқушының осы қасиеттерін негізге алып, қазақ тілі сабақтарында компьютерлік мүмкіндіктерді кең қолдану өте қажетті деп санаймын.

Компьютерлік технологияны сабақта қолдану барлық буын оқушыларының қызығушылығын оятады. Мұны әр сыныптың жас ерекшеліктеріне байланысты қолдана білу керек. Бастауыш сыныптарда суреттер, сызбалар мен бейнероликтерді қолданған жөн. Грамматикалық тақырыптарды өткенде, түбірге қосымшаларды дұрыс жалғау үшін Activ Board тақтасы мен қаламын пайдалану – оқушыны жалықтырмай, қызығушылығын арттырады. Жоғары сыныптарда жұмыс түрлерінің күрделенуіне байланысты ізденіс-зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлу – орынды.

5-6-сыныптарда қазақ әдебиеті сабағында «Халық ауыз әдебиеті» бөлімінде 10 сабақтан тұратын презентациялар топтамасын жасап, сабағымда

қолданған кезде оқушыларға образдық бейне арқылы қабылдауы оңайға түсті. Интербелсенді тақта қызметінің арқасында кейбір тапсырмаларды тез орындап, уақытты үнемдедік. Дыбысталған тапсырмалар оқушылардың есту қабілетін дамытып, қазақ тілінің дыбыстық әуезін дұрыс қабылдауға ықпал етеді.

Өткен модульді бекіту мақсатында «Дыбыссыз кино» әдісін қолданамын. Бейнекөріністі дыбыссыз көрсетіп, оқушыларға сондағы жағдайға тиісті диалог құрастыруын сұраймын.

Орта және жоғары буын оқушылары ізденіс жұмыстарын жүргізгенде, өздері әрқилы тақырыптар бойынша оқулықпен ғана шектелмей, өздігінен ақпараттарды таңдап-іріктеп, презентациялар, хабарламалар жасап, толығырақ білім алады.

Қазақ тілін оқытудағы компьютерлік технологияның ерекшеліктеріне тоқталып кетейік. Біріншіден, оқушы мен компьютер арасындағы диалогтің мәтіндік формасын белгілейік. Бұл шектеу оқушының ауызекі сөйлесу қатынасының дамуына жол бермейді. Дыбыстық технологиялардың да тез дамуын атап кетейік. Орта және жоғары буын оқушыларына «дыбысталған» мәтінді тыңдатып, оны жазып берулерін сұраймын. Тағы бір жұмыс түрі, ол диалогпен жұмыс жасау. «Дыбысталған» сұрақтарды тыңдап, жауабын оқушы өзі береді.

Мұғалім мен оқушы үшін ақпараттық технологияны пайдаланудың ұтымды жақтары мен қызметтерін қарастырайық:

- Тез арада қажетті ақпараттарды табуға болады.

- Ақпаратты образды түрде қабылдауға мүмкіндігі мол.
- Көрнекі құралдың қызметін толық атқарады.
- Оқушыны ізденіс-зерттеу жұмысына талпындырады.
- Сабақтың уақытын үнемдейді.
- Оқушының алған білімін тексеру және бақылауына ыңғайлы әдіс болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей, компьютер қазақ тілі пәнінің мұғаліміне, әсіресе, білімдерін тексеру мен бақылау сабақтарында тамаша көмекші құрал болып табылады. Мұндай сабақтарды мультимедиялық кабинетте өткізген жөн.

Компьютерлік және ақпараттық технологияны қолдану қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын қызықты және мазмұнды өткізуге мүмкіндік береді, сонымен бірге қазіргі тілді оқыту әдістемесінің алдында тұрған мәселелерді шешуге көмек жасайды:

- оқыту үрдісінде жеке, саралап оқытудың идеяларын дұрыс іске асыру;
- жүйелі бақылау жұмыстарын ұйымдастырған кезде оқушылардың білім, білік дағды деңгейін тексеруде қазақ тілі пәнінің мұғалімін өнімсіз жұмыстан босатып, көмек көрсетеді;
- оқыту үрдісінде психологиялық жағдай жасау;
- мұғалім мен оқушы арасында жеке байланыс орнату;
- оқушылардың жұмысын объективті бағалау;
- танымдық қызметін белсендету, алған білімдерін қабылдау және меңгерудің жоғары деңгейіне өту [3].

Жаңа технологиялар – оқушыны дамытып, оқыту мен қазақ тілі пәні мұғалімдерін жаппай қайта даярлаудың бірегей құралы болып саналады. Аталған технологияның пайда болуынан бастап мұғалім зерттеушіге айналады. Зерттеуші мұғалім әрқашан ізденісте болады, ол оқушысымен бірге үйреніп оқиды. Ал қазіргі таңда зерттеуші-педагог ақпараттық заман мектебінің басты кейіпкері.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. В.Г.Крысько. Словарь-справочник по социальной психологии. М., Спб.: Питер, 2003. 201-с.
2. Н.Назарбаев. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2007.
3. Мұғалім – оқу үрдісін ақпараттық технология жабдықтары арқылы ұйымдастырушы. // Бастауыш мектеп. №4, 2005, 10-11-б.



**Күләш РАХЫМБАЕВА,**  
**Қапшағай қаласындағы «Ш.Уәлиханов атындағы**  
**№2 гимназия мектепке дейінгі шағын орталығымен»**  
**мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі.**

#### **«МИҒА ШАБУҢ» СТРАТЕГИЯСЫ**



«Миға шабуыл стратегиясы» – оқушыны қалыптастырудың алғашқы баспалдағы, жеке тұлғаны дамытып, білімге деген сенімін нығайтып, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастырып, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттырумен бірге біліктілігін ұштап, жан - жақты дамуын қамтамасыз етеді. Сондықтан мен өз сабақтарымда бұл әдісті жиі пайдаланамын.



«Миға шабуыл стратегиясы» - бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. «Миға шабуылдың» негізгі ережесі бойынша, басқарушылар және бағынушылар болмайды, қатысушылардың тарапынан айтылған нәрселер талқыға салынбайды, сыналмайды, керісінше, кез келген оқушыға өз пікірін айтуға мүмкіндік жасалады. Мұндай психологиялық бостандық өзін барынша емін-еркін ұстауға, ыңғайсыз жағдайға қалудан, күлкілі боламын деуден қорықпауға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда небір төтенше ойлар туады.



Таңдап алынған тақырып төңірегінде оқушылар өз ойларын ортаға салу арқылы жүйелі сөйлеуге дағдыланады. Сонымен қатар бұл әдіс өз ойын көпшілік алдында айта алмайтын оқушыларға көмектеседі. «Миға шабуыл» әдісі – берілген сұраққа кез келген оқушы жауап алатын әдіс. Маңыздысы – айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе ақ қағазға жазған дұрыс.



Қатысушылар өз ойларын қысқа және жүйелі түрде жеткізуге тырысуы қажет. «Миға шабуыл» әдісі бойынша туындаған мәселені шешу үшін аз уақыт ішінде жеткілікті ұсыныстар жинау керек. Іс-тәжірибеден байқағанда бірнеше минут ішінде көптеген пікірлер, яғни, шешімдер табуға болады. Бұл жерде пікірдің көптігі мақсат емес, ол тек нақты саналы шешім қабылдауға негіз болады. Бұл әдістің мақсаты – барлық жастағы балаларды кез келген қиындықтарды жеңуге, өз мәселелерін шешуге, әр түрлі жағдайларды сын тұрғысынан қарауға, екі пікірдің біреуін таңдауға, сапалы шешім жасауға үйрету қажеттігі айдан анық болады.



Ұмынай ҚОСУМОВА,  
Астана қаласындағы  
№1 мектеп-лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## МӘҢГІЛІК ӨМІРДІ АҢСАҒАН ҚОРҚЫТ

*(6-сынып)*

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушылардың Қорқыт атаның өмірі туралы білімдерін тереңдетіп, толықтыру; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылық жұмыс жасауына ықпал ету, ойлау шеберлігін, сөйлесу, жазу мәдениетін жетілдіру, білімге деген құштарлығын арттыру; **тәрбиелік** – адамгершілікке баулу, саз өнері, бейнелеу өнеріне сүйіспеншілігін арттыру.

**Типі:** аралас. **Әдіс-тәсілдері:** әңгімелесу, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыс, көрнекілікпен жұмыс, мәнерлеп оқу, аудару, топпен жұмыс. **Көрнекілігі:** Қорқыт атаның суреті, атақты адамдардың Қорқыт туралы сөздері, домбыра, ұнтаспа, т.б. **Пәнаралық байланыс:** тарих, бейнелеу, ән-күй, қазақ тілі.

**Сабақ барысы.**

**Ұйымдастыру кезеңі:** амандасу, оқушыларды түгелдеу, сабақтың тақырыбы мен мақсатын айту.

**Үй тапсырмасын тексеру.**

**I. Ой туғызу – побуждение.**

- Балалар, қазір сіздерге тақтада жазылып тұрған бірнеше эпитеттерді ұсынамын, ал сендер кім туралы екенін айтыңдар.

(Тақтада алдын ала жазылып, қағазбен жабылып тұрған сөздер ашылып оқылады) – «Әлемге әйгілі ақын, қобыз деген музыкалық аспап жасаған».

- Дұрыс, бұл сөздер ұлы Қорқыт ата туралы. Бүгінгі сабағымыз Қорқыт атамызға арналады.

Мұғалімнің кіріспе сөздері: - Сегізінші ғасырда Сырдария өзенінің бойында түркі халқының атақты ақыны, күйші Қорқыт өмір сүрген. Ол – қобыз деген музыкалық аспапты алғаш жасаған, ел есінде сақталып қалған талай тамаша күйлерді шығарған күйші.

Қорқыттың өз бейнесі түркі халықтарының арасында аңызға айналған. Көптеген аңызда Қорқыт бабаның желмаясына мініп, адамзатқа бақытты өмір сүретін, ешқашан өлім болмайтын жерлерді іздегені туралы айтылады.

**II. Сабақ тақырыбының мағынасын ашу.**

Қорқыт туған кезінде

Қара аспанды су алған,

Қара жерді құм алған.

Ол туғанда ел қорқып,

Туғаннан соң қуанған.

Содан оның есімі Қорқыт деп қойылған.

**Сөздік жұмысы:**

*Әлемге әйгілі – известный на весь мир;*

*Әуен, саз – музыка;*

*Зират – могила;*

*Мәңгілік өмір – вечная жизнь;*

*Желмая – одногорбый верблюд-скакун;*

*Ажал – смерть;*

*Құтылуға болмайтынын – не спасись;*

*Өмір сүру – прожить.*

III. Топпен жұмыс.

Оқушылар алдын ала дайындап әкелген тапсырмаларымен өз ойларын ортаға салады.

1-топ оқушылары Қорқыттың өмірі мен шығармашылығы туралы жаңадан жинақтаған мәліметтерімен таныстырады. 34-35-бетте.

2-топ оқушылары Ә.Қастеевтің «Қорқыт» атты суретіне сипаттама береді.

3-топ оқушылары Қорқытты тек қана ақын емес сазгер екенін көрсетуі қажет.

#### IV. Сергіту сәті.

Үнтаспада Қорқыт атаның күйі орындалады.

#### V. Бекіту кезеңі.


##### 1) КЕЖ тәсілі.

А) КЕЖ тәсілі бойынша әр оқушы кестені толтырады.

Ұнаған сөйлемдер	Өз пікірі
1. Қорқыт осы толқындардың үстінде отырып, қобызын толассыз тарта берді. 2. Сөйтіп, күйден үріккен ажал Қорқытқа жолай алмай қойды.	Ол өте дарынды және еңбекқор адам болған. Ауруға, өлімге берілмейтін адам. Күйдің, музыканың ажалдан күшті екенін көрсетеді.

#### 2. Кластермен жұмыс.

А) Топта жұмыс. Кластер парағын толтыру.



Б) Талдау.

#### VI. Қорытынды кезеңі.

Қазақ даласында саяхат жасаған Қорқыт не түсінді?

Мәңгілік өмір жоқ, сондықтан әр адам өмір сүріп, артынан із қалдыруы керек. Мәңгілік өлмейтін нәрсе: жақсының аты, ақынның хаты.

#### VII. Рефлексия және бағалау кезеңі.

Әр оқушы алдында жатқан түсті жетондарды таңдайды.

Сары түсті – Сабақта маған ыңғайлы болды.

Қызыл түсті – Мені қызықтырған сұрақтарға жауап алдым.

Ақ түсті – Маған сабақта қызық болған жоқ.

#### VIII. Үйге тапсырма:

1. «Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт» мәтіні бойынша түсінік дайындау.

2. «Қорқыттың ажалмен күресуі» тақырыбына эссе жазу.

Бақыт ЕРЖАНОВА,  
Орал қаласындағы  
№7 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ. «ЖЕТІ»

**Мақсаты:** білімділік – өлеңнің тақырыбын, идеясын ашу, мазмұнын түсіну; **дамытушылық** – оқушыға қазақ халқының ұғымында жеті санының қасиетті сан екенін ұғындыру, салт-дәстүрлер туралы түсінік беру, дүниетанымын кеңейту, халықтық педагогикамен таныстыру; **тәрбиелік** – халықтық дәстүрлерді сыйлауға, үлкенді құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Әдісі:** өлеңді алгоритм бойынша талдау, сұрақ-жауап, баяндау. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Көрнекілігі:** Қадыр Мырза Әлінің портреті, шығармалары, интерактивті тақта, суреттер.

Сабақ айдары:

Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Үй тапсырмасын сұрау:

М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесі берілді.

а) Шығармадағы оқиға қай жылдары болған?

ә) Шығармада кімдер туралы баяндалады?

б) Қазақ халқының мейірімділігі қалай көрсетілген?

в) Ахмет шал Зигфридті алғанда жұрт неге дүте түсті?

г) Әңгіменің өзегі не деп ойлайсың?

III. Мұғалім сөзі: - Сонымен, әңгімеден қазақ халқының мейірімділігі, адамгершілігі, жан дүниесінің тазалығын білдік. Қиын-қыстау жылдары өзге ұлттың баласын бауырына тартқан қазақ халқының бауырмалдығын көрдік.

Бүгін сабағымызда қазақ халқының белгілі ақыны, жерлесіміз Қадыр Мырза Әлінің «Жеті» өлеңімен танысамыз.

1. Ақынның қандай шығармаларымен танысыңдар?

2. Жеті санына байланысты қандай ұғымдарды білесіңдер?

Қазақ халқының ұғымында жеті саны – қасиетті сан. Сондықтан болар жеті санына байланысты ұғымдар көп. Жеті нан, жеті түн, жеті қазына, жеті ырыс, жеті көк.

1. Жұма күні әжелерің неше шелпек пісіреді?

2. Қазақ баласына неше атасын білуді үйретеді?

3. Наурыз көжеге неше түрлі дәм салынады?

4. Тұрмысқа байланысты қиыншылықтар кездескенде жұт неше ағайынды дейді?

5. Баланы бесікке салғаннан кейін бесікті неше жабынмен жабады?

Сөздікпен жұмыс:

*Жеті саны – число семь;*

*Тіркеседі – считается;*

*Есте сақтаңыздар – запомните;*

*Жаттатқан – учили;*

*Киелі – священное;*

*Бөлінбейтін – не делится;*

*Қымбат – дорог.*

Жаңа сөздермен жұмыс.

Жеті саны – киелі сан. Жеті санын есте сақтаңыздар.

Адамды жерлеген соң жетісін береді. Мұсылмандар баласына жеті атасын жаттатқан.

Өлеңді талдау алгоритмі.

1. Өлеңді түсініп оқу.

2. Түсініксіз сөздермен жұмыс.

3. Өлең идеясы:

Жеті санына байланысты туған ұғымдарды, салт-дәстүрлерді білу.

4. Өлең тақырыбы:

Жеті саны-қасиетті сан.

5. Өлең құрылысын талдау.

1шумақ	2шумақ	3шумақ	4шумақ	5шумақ	6шумақ
4тармақ	5тармақ	4тармақ	7тармақ	6тармақ	6тармақ
11буын	1,2,3-11 буыннан	1,4-11 буыннан	1,4,5-4 буыннан		
	4 тармақта 7 буын	2,3-12 буыннан	2 тармақта 7 буын		
			3,7 тармақта 6 тармақта	11 буыннан	
				5 буын	

6. Көркемдегіш тәсілдер.

Жеті санына байланысты ұғымдар: жеті жұлдыз, жеті күн, жеті ата, жеті түн, жеті төбе.

7. Әр шумақтағы ой-толғаныс.

1-шумақта Жеті – қасиетті сан.

2-шумақта Жеткен бала жетіге күрт өседі.

3, 4, 5-шумақтарда Жеті санына байланысты ұғымдар.

8. Өлең мақсаты.

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу, сыйлау.

9. Тірек шумақ.

6-шумақ. Ерлерді мен сыйлаймын елім дейтін.

10. Пайым шумақ. Жеті – киелі сан.

1-тапсырма. Берілген мақалдардың мәнін ашу. Интерактивті тақтада мақалдар.

1. Жігітке жеті өнер де аз,

Жетпіс өнер де көп емес.

2. Жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі.

3. Жеті рет өлшеп, бір рет кес.

2-тапсырма. Жеті атаны біліндер. Дәптерлеріңе жазып алыңдар.

Бала, әке, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.

3-тапсырма. Суреттен ер жігіттің жеті қазынасын табыңдар.

Бекіту:

1. Өлеңнің тақырыбы не?

2. Өлеңнің идеясы не?

3. Жеті санына байланысты қандай ұғымдарды білесіңдер?

4. Ер жігіттің жеті қазынасын ата.

Үйге: Қадыр Мырза Әлінің «Жеті» өлеңін оқу.

Жеті санына байланысты ұғымдарды жазып алу.

Гүлжанат АБАКАШЕВА,  
Шығыс Қазақстан облысының  
Өскемен қаласындағы  
«Дарынды балаларға арналған  
«Восток» дамыта оқыту ғылыми-зерттеу  
арнайы мектеп-кешен-орталығы» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ОЙ- ШІКІРЛЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ

*Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы, ерінбе!  
Адалдықты көздесең,  
Жаттап тоқы көңілге.*

***С.Торайғыров.***

Ұлы Абай бар асыл ойын өз халқына, келер ұрпағына арнады. Ол педагогикалық психологияның қалыптасуына зор үлес қосып, бұл салада аса құнды пікірлер айтты. Сөйтіп ұлы ойшыл өз халқының педагогикалық ой-парасатын ақыл тезі, жүрек қылынан өткізе келе, өзіне дейінгі әлем ойшылдарының еңбектерімен таныса отырып,

келешек ұрпаққа ғибрат боларлық ой өрбітеді. Көреген ақынның педагогикалық-психологиялық пікірлеріне ой жүгіртіп, астарына терең үңілсек, оның бүгінгі заман талап-тілектерімен жан-жақты астасып жатқанын байқаймын.

Абай, ең алдымен, жастардың алдында тұрған басты міндет-ғылым, білім үйрену жолы екенін атап көрсетті. Адам бойындағы қазынаны үлкен, әрбір жігерлі жастың талпынатын ғылым болуы керектігін ашып айтты. «Дүниенің кілті өнер мен ғылымда тұр. Соны мақсат қылып ғылым табу керек өзіңе табылмаса балаң тапсын. Ғылымсыз оқыған намаз тұтқан ораза қылған қаж ешбір ғибадат орынына бармайды дейді оныншы қара сөзінде».

“Үш ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек” дей келе ақын

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің тілін білмек,- деп ғылымды аса жоғары бағалайды. Білім ғылым үйренбекке талап қылушыларға: Адам көңілі мейірленсе білім ғылымның өзі де мейірленеді, тезірек қолға түседі. Ғылымды үйренгенде ақиқатты мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Басқасына бола үйренбе...” деп ескерту жасайды. (32 қара сөз).

Абай адам бойындағы мінез-құлық, ақыл-парасат, білім-ғылымды бір-бірімен тығыз байланыстырады. “Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез, деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі де ақымақтық” деген қорытынды жасайды. (18 қара сөз).

Бұл Абайдың айтып отырған педагогикалық ой-толғамдары, келер ұрпаққа беріп отырған кеңесі болатын.

Абай жастардың адам болу үшін жаман қылықтардан аулақ болуын қалайды.

“Егіннің ебін, сауданың тегін үйреніп мал ізде” деп ақыл береді.

Ұлы ойшыл өзінің өмірден көрген-білгенін, түйгенін екшей келіп ”Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрседен асық бол, Адам болам десеңіз” деп санап шығады:

Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой  
Қанағат, рақым, ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеңіз...

Сөйтіп, Абай бес асыл іс пен бес дұшпанның ара жігін ажыратып, келешек ұрпағына тағылымы мол өсиет қалдырды.

Абайдың ойынша тәрбиеге көнбейтін, тәртіпке бағынбайтын, түзелмейтін адам болмайды. “Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам адам мінезін түзеуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім” дейді. (37 қара сөз)

Абай Құнанбайұлының жастарға үлгі етіп ұсынған адал еңбек, ар-ождан, ғылым-білім, қанағат-инабат,

әділет-шапағат, шынайы достық қай дәуірде болсын көнермейтін, адамды қиыншылық атаулыдан аман-есен алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз нысанасы екені даусыз.

Ұлы ақылгөйдің терең толғаныстарынан туған ғибратты ақыл-кеңестері ұрпақ тәрбиесінде өз құнын мәңгі жоймайды.

*Пайданы көрсең, бас ұрып,  
Мақтанды іздеп, қайғы алма.  
Мініңді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей бәйге алма.  
Өзіңде бармен көзге ұрып,  
Артылам деме өзгеден.  
Азапқа қалма езбенен,-*

деп, жастарға насихат айтады. Оларға күншілдіктен аулақ жүріп, бос мақтанға салынбау керектігін ұқтырады, пайданы ойлап ардан безу адамдықты аздыратын қылық екенін. Толық адам болғысы келген әрбір жастың алдына мақсат қойып, соған жету үшін талпынуы, ізденуі, ерінбей еңбек ету керектігін ескертеді.

«Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, не болмаса айына бір өзіңнен өзің есеп ал» дейді.

Ұлы ғұлама надандықты, еріншектікті, зұлымдықты «күллі адам баласын қор қылатын кеселдер» деп есептейді. (38-қара сөзінде)

3-қара сөзінде еріншек, жалқауға мынадай сипаттама береді:

Жанат ЖҰМАБАЕВА,  
Семей қаласындағы  
№9 жалпы орта білім  
беретін мектептің мұғалімі.

«Әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады. Әрбір қайратсыз қорқақ мақтаншақ келеді. Әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді. Әрбір арсыз жалқаудан тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

«Залымдық – адам баласының дұшпаны» дейді Абай. Алдау, арбау, қулық, екіжүзділік, жалақорлық, күншілдік мінездерді залымдық деп қатаң сынайды.

Данышпан ақын жастардың осындай адам баласын қор қылатын, адамдықтың дұшпаны болып табылатын кеселдерден аулақ болуын көксейді. Әрбір саналы жастың пайдалы іспен айналысып, өнер үйренуін талап етеді. 33-қара сөзінде «Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан қолөнерші-қазақтың әулиесі» дейді.

Жұмысы жоқтық,

Тамағы тоқтық,

Аздырар адам баласын,- дей отырып еңбекті сүймеушілік, жұмыссыздық адамды теріс жолдарға түсіріп, бұзатындығын дәлелдейді. Қазіргі уақытта да жұмыссыз сандалып, жеңіл жүрісті кәсіп еткен жастардың бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Абай адал еңбекті адамның барлық рахатының көзі санайды. «Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық» дей келе еңбекті сүйген адамның жан қасиеті ізгі болатындығын дәлелдейді.

## МЕНІҢ ҚАЛАМ

*(9-сынып)*

**Мақсаты:** білімділік – білімдерін жүйелеу, ойларын байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру; **дамытушылық** – қазақша сөйлеу мәдениетін, ой-өрістерін дамыту, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын молайту; **тәрбиелік** – ұйымшылдыққа, ұстамдылыққа үйрену, патриоттық сезімдерін ояту, елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу, тілді құрметтеуге үйрету.

**Әдістемелік мақсат:** коммуникативтік технология арқылы интерактивті әдіс-тәсілдерін қолдану.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сөйлету, қарым-қатынасқа түсу. **Көрнекілігі:** нақыл сөздер, компьютер, интерактивті тақта, слайдтар, қаланың суреттері. **Пәнаралық байланыс:** география, тарих, әдебиет.

**Сабақтың ұраны:**

*«Біле бер қанша білсең тағы біл.*

*Жетерсің мақсатыңа біле-біле».*

***Жүсін Баласағұни.***

## Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Сабақтың мақсатын айту.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ.

### 1. Алғы сөз.

- Балалар, уақыт бір орынында тұрмайды, қалалар жылдан-жылға көріктенеді, көркейеді. Өзіміз өмір сүріп жатқан қаламыз қай қала?

- Семей, дұрыс.

- Иә, бұл қасиетті ұлылардың топырағы.

- Бүгін біз осы туған өлкемізге саяхат жасаймыз, әр түрлі жаттығу жұмыстарын жүргіземіз.

Дәптерлеріңізді ашып, бүгінгі күнді жазып қойыңыздар.

Мына үлестірме парақтарды сабақтың барысында толтырамыз, одан кейін үйде толықтырып әкелеміз.

Мысалы, Света	Оқушының аты
Семей	Өзі тұратын қала
Қазақ, орыс, өзбек, татар, керіс.	Тұратын ұлт өкілдері
әдемі ғимараттар, кинотеатрлар, кітапханалар	Қаланың көрікті жерлері
Жоғары оқу орындар	Оқу орындары
Абай, Мұхтар, Шөкәрім, Шоқан мен Достоевский.	Атақты адамдары
Абай, Мұхтар, Шөкәрім, Шоқан мен Достоевский.	Ескерткіш
Өлкетану, Абай, Достоевский.	Мұражайлар

1) Сұрақтарға жауап беру.

- Қазақстан қандай ел?

- Тәуелсіз.

- Жері қандай?

- Ұлан-байтақ.

- Жақсы.

2) Қазір біз өзіміздің еліміздің картасымен жұмыс жүргіземіз. Біраз қалаларды орналастырамыз.

- Біздің қала Қазақстанның қай бөлігінде орналасқан?

- Шығыс Қазақстан облысында.

- Дұрыс. Енді Семей қаласын дұрыс орналастырыңыз.

- Облыс орталығы қай қала?

- Өскемен (көрсетеміз).

- Енді Оңтүстік астанамызды көрсетеміз. Ол қай қала?

- Дұрыс. Алматы.

- Енді Отанымыздың жүрегі, бас қаланы көрсетеміз. Қай қала?

- Астана.

- Дұрыс. Міне, балалар, сіздер география пәнінен алған білімдеріңізді көрсеттіңіздер.

3) Балалар, туған қаламызға арналған өлеңдер бізді толғандырады, асқақтатады.

Мұғалім өлеңді оқиды.

Семейім менің, Семейім

Қасиетті орманы көк қорғаған,

Жанға жайлы саяжай көп қоршаған.

Әсем қала – Семей бірлік, достықтың

Ортасында ерке Ертіс толқыған!



Асқақтап, биіктеп,  
Түрленші, Семейім!  
Сүйкімді, сүйікті,  
Гүлденші, Семейім!  
Болсыншы үстем мерейің,  
Семейім менің, Семейім!

Тоғыз жолдың торабында жайнаған,  
Бар салада оқу, еңбек қайнаған.  
Қысса нарық, полигонның зардабы,  
Қиындыққа қарсы тұрып, таймаған!

Халқы бар ұлылардан нәр алған,  
Дәстүр-салты бар әлемге тараған.  
Рухани бесігі қазақ елінің,  
Болашаққа үлгі – өнеге жалғаған.

Жергілікті әуесқой ақынымыздың өлеңі.  
- Қай қала туралы?  
- Семей.  
- Қазір біз, балалар, қаланың куәлігімен таны-  
самыз?

4) Қаланың куәлігі.

5) «Бізге таныс, бірақ әлі де құпиялары көп қала».

Қаланың куәлігі:

**1718** жылы Семей қамалы ретінде негізі қаланған.

**1783** жылы Семей деп аталды.

**1851** жылы қала елтаңбасы бекітілді.

Жер көлемі – **2781 га.**

Халқы: **324600 адам.**

Қалада – **20** жоғарғы оқу орны, **14** колледж, **5** кәсіптік-техникалық мектеп, **83** жалпы білім беретін мектеп, **17** балабақша бар.

**6** кітапхана, **2** театр, **3** кинотеатр жұмыс істейді.

Қала аумағында – **4** мұражай бар.

Өйткені ол ескі қалалардың бірі.

Мұғалім оқиды.

- Қай жылы, қашан болды?

- Сандарды сызу тақтадан көрсету. Сандарды дұрыс айту. (Сан есімді қайталап кету)

5) Мемлекеттік тілді игеру әрбір азаматтың борышы, сондықтан біз сөздік қорымызды байытып, толықтырып, молайтуымыз керек.

Сөздік:

*ұлт өкілдері – представители национальностей;*

*жаңа – новый;*

*орталық – центр;*

*оқу орны – учебное заведение;*

*атақты – известный;*

*ескерткіш – памятник;*

*мұражай – музей;*

*туу – родиться.*

Сөздік жұмысы.

Тақтадағы сөздердің дұрыс аудармасын табуымыз керек, егер аудармасы дұрыс болмаса сөз орынына тұрмайды. Сөздермен сөз тіркестерін құрастырамыз.

6) Енді, балалар, біз шағын саяхатқа шығайық.

- Саяхатымызды қаламыздың орталық алаңынан бастаймыз. Бұл Абай атындағы алаң, алаңда біздің барлық мейрамдар өткізіледі.

- Қала тұрғындары мен қала қонақтарының сүйікті жерлерінің бірі.

- Абай кім?

- Абай қазақ халқының ұлы ақыны.

- Мынау – әкімшілік.

- Мұнда қаланың басқару жүйесі – әкім және көмекшілері отырады.

- Мынау – театр.

- Кәне, балалар, театр туралы өздерің не айтасындар?

- Құрылған жылы.

- **Семей музыкалық драма театры 1920 жылы құрылған.** Труппа ұйымдастырушы М.Әуезов, Қ.Сәтпаев және режиссер Ғ.Төребаев бастаған болды. Өз шымылдығын І.Жансүгіровтің «Кек» драмасымен ашты. Алғашқы жылдары театр құрамында Ә.Қашаубаев та болды. 1945 жылы Абай Құнанбаев есімі берілді. Бір шатырдың астында 2 театр бар. Абай атындағы және Достоевский атындағы. Міне, халықтар достығының айғағы. Абай кім? Абай – қазақ халқының ұлы ақыны. **Семей орыс драма театры 1935 жылы құрылды.** 1975 жылы Ф.М.Достоевский есімі берілді. 1937-1940 жылдары аралығында: А.Н.Афиногенов, В.М.Гузев еңбек етті.

- Александр Песков – жас актер.

- **Әміре Қашаубаев кім?**

- **Семейде Абыралы деген жерде туған.** Әміре бүкіл қазақ даласына, бүкіл дүние жүзіне әйгілі болған. Әміре 1925 жылы Парижде, 1927 жылы Майндегі Франкфуртте ән шырқады.

- **Қандай атақты өнер адамдарын білесіңдер?**

- **Бибігүл Төлегенова** – 1929 жылы дүниеге келген біздің жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, еңбек жолын осы қаламыздағы ет комбинатынан бастаған.

- **Роза Рымбаева** – қазақ кеңес эстрада әншісі, Қазақстанның халық әртісі. Ол 1957 жылы 28 қазанда, Семей облысының Жарма ауданында туған. Бүгінгі күнде Р.Рымбаева – Қазақстан эстрадасының жұлдызы, танымал әншісі, ардақты ана, қоғам қайраткері.

- **Әсем Омарова** – Семей топырағынан шыққан жас әнші. Әсем ел көлемінде ғана емес шет елдердегі байқауларда да жүлделі орындарға ие болып жүр. Ол «Жас қанат – 2009» байқауының бас жүлдегері. Әсем – біздің мектебіміздің түлегі.

- **Алаңнан кішкене былай жүрсек біз Достоевский мұражайына тірелеміз.**

- **Достоевский кім?**

- **Орыс жазушысы.** Ол біздің қалаға жер аударылып келген. 1856 жылдың қараша айында Шоқан Уәлиханов Семейге келіп М.Ф.Достоевскиймен кездеседі. Шоқан Уәлиханов пен М.Ф.Достоевский арасында жылы достық қарым қатынас болды.

- Басқа қандай мұражайлар бар?

ә) **«Абай» мұражайы.**

а) **«Өлкетану».**

б) **«Невзоровтар отбасының».**

в) **Ұлы Отан соғысына қатысқандарға арналған «Музей боевой славы».**

- **Енді біз орталық саябаққа бет бұрамыз.**

- Бұл жерде қала адамдары, қонақтар дем алады.
- Саябақта қандай ескерткіш бар? Кімге арналған?
- **Шәкәрім Құдайбердіұлына.**
- Ол кім?
- Шәкәрім Құдайбердіұлы ұлы ойшыл, ақын.
- Оның атында даңғыл бар.
- Жақында 150 жылдық мерейтойы өткізілді.
- **Енді, біз Бауыржан Момышұлы көшесімен қаладағы ең ескі оқу орнына қарай жүреміз.**
- **Бұл медицина академиясы.**
- Халықаралық маңызы бар.
- Мұнда көрші елдер мен шет елдерден келген студенттер білім алады.
- Қаламызда басқа қандай жоғарғы оқу орындар бар?
- Семей педагогикалық университеті, Шәкәрім атындағы университеті, Заң университеті, Жаңа инновациялық университеті, т.б.
- Ал, енді, қарсы бұрылайық?
- Қандай ескерткіш?
- **Бұл ауған соғысында қаза болған біздің жерлестерімізге арналған.**
- Енді, балалар, қазір Абай, кеңес заманында Советская, ал одан бұрын Алаш Орда көшесімен саяхатымызды жалғастырамыз.
- **Мынау – «Ямышев» қақпасы.**
- 1718 жылы қамал салынған. Қамалдың үш қақпасы болған. Ямыш деп көлдің атына байланысты аталған. Бұл көлден тұз өндірілген. Біздің заманымызға дейін батыс қақпасы ғана

- сақталған. Өлкетану мұражайда осы қақпаның құлпы сақталған, оның салмағы 7 кг 832 г.
- Осы қақпа арқылы Ұлы Жібек жолы өткен.
- Одан әрі қарай қозғалайық.
- Алдымызда аспалы жаңа көпір. Осы көпірде тұрып көз салайық, неше көпір бар?
- 3 көпір бар.
- Дұрыс.
- Қай өзен арқылы?
- Ертіс өзені.
- Ертіс өзені қаланы 2-ге бөліп тұр, сол жағалауы Жаңа Семей, ал оң жағалауы ескі Семей деп аталады.
- Көпірді кімдер салды?
- Жапониядан келген «ІНІ» компаниясы салған. 2001 жылы қолдануға берілді.
- Дұрыс.
- Бұл көпір өткен мен қазіргі заманды жалғастырады.
- **Ата-бабаларымыз айтқандай: «Өткен өмірсіз болашағымыз болмайды» деген.**
- Енді, балалар, саяхатымызды аяқтаймыз.
- Келесі сабағымызға сол жағалауды өздерің зерттеп, клип, презентация, шығармашылық жұмыс істеп әкелесіңдер.
- **Ал, енді, біздің өз мектебімізге Дастенов көшесі арқылы қайтып оралайық.**
- **Дастенов деген кім? Зерттеңіздер.**
- **Ал енді, балалар, сабағымызды жалғастырайық.**

- Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

Бір сөйлем құрастырып дәптерлерге жазамыз.

Менің қалам әдемі, бірақ құрылысы жағынан ескі.

Тақтамен жұмыс: Аудармасын дұрыс табу.

Енді сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Сен қай қалада тұрасың?

- Ол қандай қала?

- Қалада қанша ұлт өкілдері тұрады?

- Олар қалай тұрады?

- Ол бұрын қалай аталған?

- Бұл қала облыс орталығы ма?

- Қалада қандай оқу орындары бар?

- Бұл қалада қандай атақты адамдар тұрған?

- Оларға арналған ескерткіштер, мұражайлар бар ма?

- Қалада қандай өзен бар?

**Қорытынды:**

Бүгін біз бірталай жаңалық аштық, есімізге түсірдік. Қала туралы зерттеулерді келесі сабақтарда жалғастырамыз.

**Бағалау.**

**Үйге тапсырма беру:**

1) Сөздік, жаңа сөздерді есте сақтау, диалог құрастыру, кесте толтыру.

## ЕТІСТІКТЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** *білімділік* – Көктем туралы мәлімет беру. Сурет бойынша әңгіме құрату дағдысын жалғастыру. Сөздік қорын байыту бағытында жұмыстар жасау. Етістіктерді қайталап, жаттығу барысында бекіту; *тәрбиелік* – табиғаттың көркемдігін сезіну, қорғауға тәрбиелеу. Сауатты оқу, жазу дағдыларын молайту; *дамытушылық* – қисынды ойлау қабілетін дамыту.

**Түрі:** жаңа білімді игеру. **Әдісі:** сөйлесім әрекеттері: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім, жұппен, топпен жұмыс. **Көрнекілік:** жыл мезгілдерінің суреттері. **Жабдығы:** интерактивті тақта, маркерлер, плакат.

**Сабақтың барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Сыныпты сабаққа әзірлеу.

Балалармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу.

Ауызекі сөйлесу. Оқушылар бір-біріне сұрақтар қояды.

- Қазір қандай жыл мезгілі?

- Қыс айларын атап шықшы?
- Бүгін аптаның қай күні?
- Апта күндерін білесің бе?
- Ауа райы қандай?
- Бүгін нешесі?
- Аптаның қай күні?

## II. Үй тапсырмасын тексеру.

Диалогті досыңмен жатта.

Бағалау.

**Мұғалім:** - Балалар, қазір сендермен қосымша дәптерімізге фонетикалық талдау жасаймыз. Орнымызда орындаймыз (Бір оқушы әр топтан тақтаға шығып талдайды, қалғандары орындарында).

### Фонетикалық талдау.

1-топ - Боран.

2-топ - Қыс.

Бағалау.

## III. Жаңа тақырыпқа шығу.

Қызығушылығын ояту.

Интерактивті тақтадан көктем суреттері көрсетіледі. (*Флипчарттың 1-4 беттері*).


### СУРЕТТЕР.

- Тақтада не бейнеленген?
- Бір сөзбен қалай атаймыз? (көктем)
- Балалар, сендер қалай ойлайсындар бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай?
- Бүгінгі сабаққа сендер қандай мақсат қоясындар? (сөйлесу, жазамыз, талдаймыз)
- Мақсатымызға жету үшін қандай жұмыс жүргізесіндер?

(Диалог құрастырамыз, жаңа сөздермен танысамыз, сөйлемдер құрастырамыз).

- Балалар, айтыңдаршы көктем дегенде қандай ой туды? (Топпен жұмыс).

**«Кластер» «Көктем» сөзіне байланысты.**  
Сөздер, сөз тіркестерін жазу.)



Оқушылар тақтаға шығып кезекпен ассоциацияларын қорғайды.

Дәптерге жұмыс.

Күнді жазу.

Сабақтың тақырыбы: Лексикалық тақырып: Көктем.

Грамматикалық тақырып: Етістіктен өткенді қайталау.

1. Сөздік жұмысы. (*флипчарттың 6-беті*)

Сөздік жұмысы жүргізілген кезде «*нысанды өңдеу*» құралы қолданылды.

(шторка)

Берілген сөздердің аудармасын тексеріп, оқиды.

Бұлбұл – соловей

Торғай – воробей

Қарлығаш – ласточка

Ұшып келді – прилетели



К	Н	А	У	Р	Ы	З
Ө	Д	Қ	Ұ	С	Ь	М
К	Р	Ы	Б	Ң	А	Ж
Т	О	Р	Ғ	А	Й	Ф
Е	К	Р	І	У	Ә	С
М	А	М	Ы	Р	В	Х

**Сөздерді дәптерлеріңе жазыңдар.**

**Рефлексия. «Көктем» сөзіне 5 шумақты өлең құрастыру.**

**IV. Қорытындылау. Нені білдік? Көктемде қандай мерекелер бар екен?**

3.2. Ізденіс жұмыс. Топтық жұмыс (5 мин). Неге қазақ халқы: «Жаз келді, көктем шықты, қыс келді, күз түсті», – дейді?

*(Флипчарттың 9-беті)*

1). Топта зерттеп, қорытындыларын тақтаға жазады.

Оқушылардың жауаптары.

2) Берілген ақындардың шығармаларынан дәлел келтіріңдер.

Жаз. Атымды ертте, балалар,  
Күлімдеп, міне, жаз келді.  
Түйе боздап, қой қоздап  
Тізіліп қатар қаз келді.

Күз. Күз түсті тағы да,  
Жапырақтарды сарғайтып.  
Бермеймін маза жанымға  
Жүректе жүрген әнді айтып.

Қыс. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды.  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.

Көктем. Сансыз көкек сұңқылдап,  
Көктем шықты ертелеп.  
Нәзік үнмен сыңқылдап  
Бұйра бұлақ еркелеп.

3) Берілген сөздердің антоним мен синонимдерін табыңдар.

Жылы, солтүстік, басталып, көктей бастайды, уақыты, ыстық, серуендеуге, әдемі. (5 мин)

**4. Бақылау.**

1. Көктем басы – Наурыз,  
Той-мереке – сәніміз.  
Көктем келіп,  
Мал төлдеп,  
Уыз іштік бәріміз.
2. Келіп көктем құстары  
Бау-бақшаға ән салды.  
Оларды жас достары  
Ұя жасап қарсы алды.
3. Көктем қандай көңілді,  
Күміс жаңбыр төгілді.  
Мөлдір аспан ашылып,  
Күннің көзі көрінді.
4. Жыл мезгілі шуақты,  
Жердің беті нұрланған.  
Сайды қуып су ақты,  
Гүлдер өсті ырғалған.
5. Ой, балалар, балалар,  
Жылы-жылы жел соқты,  
Жылғалардан су ақты.  
Қаңқыл-қаңқыл қаз кепті,  
Жер қарайды, жаз кепті.

Назымгүл БАЙМАҒАМБЕТОВА,  
«Павлодар қаласының  
№39 инновациялық үлгідегі  
гимназиялық сыныптары бар  
жалпы орта білім  
беретін мектебінің»  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## КҮЗГІ СЕРУЕН

(5-сынып)

Р/с	Сабақ кезеңдері	Мазмұны
1.	Мақсаты:	1. Білімділік – «Дыбыс және әріп» тақырыбынан өткен материалды қорытындылау, оқушылардың талдау машықтарын қалыптастыру; 2. Дамытушылық – оқушылардың логикалық ойлауын, сөйлеу мәдениетін жетілдіру; 3. Тәрбиелік – ана тілін ардақтап, бағалай білуге тәрбиелеу.
2.	Түрі:	Танымдық-қайталау сабағы.

3.	Әдіс-тәсілдері:	Жұмбақ өлеңдер, талдау, мәтінмен жұмыс, мағынаны ашу, салыстыру, іздендіру.
4.	Көрнекілігі:	Үлестірмелі тапсырмалар, шығармашылық жұмыс.
Сабақ барысы:		
1.	Ұйымдас-тыру:	- Оқушылармен амандасу. - Кезекшіні тыңдау. - Үй жұмысын тексеру.
		Жұмбақ. Фонетикалық екі ұғым, Бірі мен бірі туыстас; Бірі – айтылады да естіледі, Екіншісі – жазылады да көрінеді. Бұл не? Жауабы: Әріп пен дыбыс.
		Сұрақтар: - Дыбыс пен әріптің өзгешелігі неде? - Сөз неден тұрады? - Ал мәтін неден тұрады? Топтарға бөлу: шешендер, білімділер, полиглоттар. 1. Жұмбақ өлең. Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады?



2.	Сабақ тақырыбын ашу.	Шөп сарғайып, Өңі тайып, Дала сұры қашады. Бой жаза алмай, Ойнай алмай, Денең мұздап тоңады. Айтыңдаршы, балалар, Бұл қай кезде болады? (Күзде)
		Ой қозғау. - Күз мезгілін ойша қалай елестетесіңдер? (Топпен жұмыс – плакаттар арқылы жауап береді). - Оқушылар өз ойларын жазып, бір-бірімен бөліседі.
3.	Мәтінмен жұмыс.	Күз – жылдың төрт мезгілінің бірі. Бұл мезгілде Жер шары өз орбитасының күн мен түннің күзгі теңелу нүктесінен Күннің қысқы тоқырау нүктесіне дейінгі аралығында болады. Қыркүйек, қазан, қараша – күз айлары болып есептеледі. Күзде күн суытып, көлдер мен өзендер тартылып, өсімдіктер қурап, ағаштардың жапырағы түседі.

		Күн қысқара бастайды. Егін піседі, мал семіреді. Жыл құстары тізбектеліп, жылы өлкелерге ұшып кетеді. Шаруашылықтың жиын-теріні аяқталып, жұрт қыс қамына кіріседі. Жаздай демалған балалар мектебімен қауышады.						
4.	Мәтінге мазмұндық талдау.	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Түрі</th> <th>Мазмұны</th> <th>Берілетін баға</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Мәтін</td> <td>Қыркүйек айының ерекшелігі</td> <td>1. Қыркүйек – күздің қандай айы? 2. Қыркүйек айында адамдар не істейді?</td> </tr> </tbody> </table>	Түрі	Мазмұны	Берілетін баға	Мәтін	Қыркүйек айының ерекшелігі	1. Қыркүйек – күздің қандай айы? 2. Қыркүйек айында адамдар не істейді?
Түрі	Мазмұны	Берілетін баға						
Мәтін	Қыркүйек айының ерекшелігі	1. Қыркүйек – күздің қандай айы? 2. Қыркүйек айында адамдар не істейді?						
Сергіту сәті.								
5.	Фонетикалық талдау.	<p>Қыркүйек</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Сөзде неше буын бар?</li> <li>• Буын түрлерін ата.</li> <li>• Қанша дауыссыз дыбыс бар?</li> <li>• Дауыссыз дыбыстарға мінездеме бер.</li> <li>• Дауысты дыбыстарға мінездеме бер.</li> </ul>						

		<p>Күз мезгілінің ортақ қасиеттері мен ашық және бұлтты күндегі аспанды салыстырайық.</p> <div style="display: flex; justify-content: center; align-items: center; gap: 10px;"> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 50%; padding: 5px; text-align: center;">Ашық күндер</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 50%; padding: 5px; text-align: center;">Ортақ қасиеттер</div> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 50%; padding: 5px; text-align: center;">Бұлтты күндер</div> </div> <p>Оқушылар өздерін тексереді.</p>
		<p>Берілген сөздерде қанша әріп, қанша дыбыс бар? Асты сызылған сөздегі дыбыстарға мінездеме беріңіздер. <i>Күзде, суық, құстар.</i></p>
Қорытындылау.		<p>«Ойлан, тап» ойыны. Қыркүйек қоңырауы Алтын _____ Қыркүйек. _____ қара. Күн жылы. Жарқын _____, қыркүйек. Жайнайды _____ күні. Сырбай Мәуленов Керекті сөздер: жер, күз, бұл, күз.</p>
		<p>Парақтар таратып беру, өз ойларын жазғызу.</p>

		Бүгінгі сабақта	
		Нені еске түсірдім?	Нені үйрендім?
	Үй жұмысы.	«Күз мезгілі» тақырыбына жазбаша мәтін құр және мазмұнда.	
	Бағалау.	Бағалау парағы арқылы бағалау.	



Лейла САДЕНОВА,  
Қарағанды қаласындағы  
№74 жалпы орта білім беретін  
мектептің қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ ЗАТ ЕСІМДІ ҚАЙТАЛАУ

**Мақсаты:** оқушылардың «Қазақстан» тақырыбы бойынша алған білімдерін тереңдету, сөздік

қорын молайту. **Міндеттері: білімділік** – өтілген тақырыптар бойынша алған білімдерін сараптап, жалпы Қазақстан туралы алған білімдерін тексеріп, бағалау; **дамытушылық** – әр оқушының ой-қиялына ерік бере отырып, өзінше ойын түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру. Оқушылардың белсенділігін арттыру, сөздік қорын байытып, тілін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды Отанын, туған халқының тілі мен дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу. Бірлікке, адалдыққа баулу.

**Түрі:** қайталау сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, талдау. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, оқулық, тірек-сызба, перфокарта, сандықша. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география, ағылшын тілі.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

а) Сәлемдесу;

ә) «Атамекен» әнін тыңдау.

- Сәлеметсіздер ме, балалар!

Бүгін бізде ерекше сабақ. Біздің сабаққа қонақтар келіп отыр. «Қош келдіңіздер!» дей отырып, мен бәрімізге жақсы көңіл-күй тілеймін. Ал сендер бір-біріңе не тілейсіңдер? Оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтады.

- Мен саған сәттілік тілеймін!

- Мен саған шыдамдылық тілеймін!

- Мен саған шығармашылық тілеймін!

- Мен саған жақсы баға тілеймін!

- Мен саған зеректік тілеймін!

- Мен төзімділік тілеймін!

- Бүгін нешесі?

- Аптаның қай күні?

- Қазақ тілі нешінші сабақ?

- Біздің Республика қандай мемлекет?

- Тәуелсіздігімізге неше жыл болды?

- Атамекен әні не туралы?

- Әнді кім орындайды?

**II. Сабақтың ұраны:**

Әрбір адам-туысым, досым, жұрағат,

Әрбір сабақ – үйрену, ұғыну, ұлағат.

Көңіл-күйлерінің сипаты:

Жасыл түс – өте жақсы.

Сары түс – орташа.

Қызыл түс – жаман.

**III. Жаңа сабақ.**

а) сабақтың мақсатымен таныстыру.

**3. Сөздік жұмысы:**

Сөз тіркестерін және сөйлемдер құру.

*Жер көлемі – территория;*

*Тәуелсіз – независимый;*

*Бейбіт – мирный;*

*Рәміздер – символика;*

*Мұнай – нефть;*

*Қала – город;*

*Ұлан-байтақ – обширная;*

*Қасиетті – святой;*

*Тіл – язык.*

**4. Мәтінді оқу, аудару.**

## Қазақстан

Қазақстанның жер көлемі ұлан-байтақ. Қазақстан дүние жүзінде жер көлемі жағынан 9 орын алады. Халқы 17 миллионнан астам. 130-дан астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүреді. Қазақстанның астанасы – Астана қаласы. Қазақстанның тарихи жерлері: Отырар, Тараз, Түркістан. 1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақстан тәуелсіз, демократиялық және құқықтық республика болып жарияланды. 1991 жылы 1 желтоқсанда Президентті сайлады. 1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының рәміздері: Мемлекеттік Туы, Елтаңбасы, Әнұраны қабылданды.

Мәтінмен жұмыс: «Сиқырлы сандықша».

1. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

2. Мәтіннен септік жалғауы жалғанған сөздерді сөз құрамына талдаңдар.

3. Қазақстанның шекараларын картадан көрсетіндер.

4. Ата Заң қашан қабылданды?

5. Қазақстан Республикасының рәміздері қашан қабылданды?

6. Қазақстан Республикасының Президенті кім?

### 5. «Морфология тауы». Сұрақтар дайындау.

1. Зат есім дегеніміз не? (Заттың, құбылыстың, іс-әрекеттің атын білдіретін сөз табы зат есім деп аталады).

2. Қандай сұрақтарға жауап береді? (кім? не? кімдер? нелер?)

3. Зат есім құрамына қарай нешеге бөлінеді? (2. Дара, күрделі)

4. Жалқы, жалпы есімге мысал келтіріңдер. (тау, Қарағанды)

5. Зат есім тұлғасына қарай нешеге бөлінеді? (2. Негізгі, туынды)

6. Зат есім мағынасына қарай нешеге бөлінеді? (2. Жалпы, жалқы)

### 6. Перфокарта. Кестені толтыр.

№	Түрлері Мысалдар	Жалпы есім	Жалқы есім	Деректі зат есім	Дерексіз зат есім	Негізгі зат есім	Туынды зат есім	Дара зат есім	Күрделі зат есім
1.	Жаңбыр								
2.	Алматы қаласы								
3.	Дәріхана								
4.	Халық								
5.	Бірлік ауылы								
6.	Біржан сал								
7.	Ақыл								
8.	Жапырақ								
9.	Арман								
10.	Шекарашы								
11.	Күрек								
12.	Білім								

13.	Кемпір-қосақ								
14.	Мәдениет үйі								
15.	Әке-шеше								

**7. Сурет бойынша сөйлемдер құраңдар.**

**8. Жасырын сөзді тап. Мақал-мәтелдер.**

**9. «Полиглот» ойыны.** Оқушылардың үш тілде білімдерін шындау. Қазақша берілген сөздерді орыс, ағылшын тілдеріне аудару. Сөздермен үш тілде сөз тіркестерін құру.

*Рәміздер – символы – symbols;*

*Ту – флаг – flag;*

*Тіл – язык – language;*

*Отан – Родина – Motherland;*

*Мемлекет – государство – state;*

*Халық – народ – people;*

*Достық – дружба – friendship.*

1. Менің Отаным – Қазақстан.

Моя Родина – Қазақстан.

My Motherland is Kazakhstan.

2. Қазақстан – таңғаларлық әдемі жер.

Казakhstan – удивительно красивая земля.

Kazakhstan a beautiful land.

3. Қазақстан – әр түрлі халық өкілдері бейбіт тұрып жатқан ел.

Казakhstan – это земля, на которой мирно живут много разных народов.

Kazakhstan is the country where many nations live in peace.

4. I am from Kazakhstan.

Я из Казахстана.

Мен Қазақстаннанмын.

5. I love my Kazakhstan very much.

Я очень люблю мой Казахстан.

Мен Қазақстанды өте жақсы көремін.

**10. Қазақстанның табиғаты. Сөз тіркестерін құраңдар.**

**11. Астана, Бәйтерек сөздерін септендер.**

**12. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді жазыңдар.**

Қазақстан – көп ұлтты .....Онда жүз отыздан астам ұлттар ..... өмір сүреді. Қазақстан жері бай ..... белгілі. Қазақстан жерінде көмір, ..., алтын, ... , мыс ....Қазақстанда ....., мал шаруашылықтары .....

Керекті сөздер: мемлекет, тату-тәтті, тарихымен, темір, мұнай, бар, астық, дамыған.

**13. Тест сауалдары.**

Тест

**1. Жалпы есімді табыңыз.**

а) Балқаш; в) Сырдария;

с) Бетпақдала; д) Тау;

е) Жамбыл.

**2. Туынды зат есімді көрсетіңіз.**

а) Еңбекті; в) Еңбекші;

с) Еңбекпен; д) Еңбегің;

е) Еңбектен.

**3. Жер-су аттарына қатысты жалқы есімді табыңыз.**

А) Төле би; в) Асан қайғы;

- с) “Ботагөз”; д) Ақтөбе;  
е) “Астана хабары”.

**4. Дерексіз зат есімді табыңыз.**

- а) Тұңғыш президент;  
в) Атақты ғалым;  
с) Алғашқы махаббат;  
д) Алғашқы ұстаз;  
е) Жақсы адам.

**5. Жалпы есімді табыңыз.**

- а) Абай; в) Алатау;  
с) Балқаш; д) Көкшетау;  
е) Тау.

**6. Күрделі зат есімді анықтаңыз.**

- а) Азық-түлік; в) Тағамдар;  
с) Нан; д) Сушы;  
е) Аспаз.

**7. Дерексіз зат есімді белгілеңіз.**

- а) Оқушы; в) Бала;  
с) Ой; д) Ағаш;  
е) Кітап.

**8. Негізгі зат есімді белгілеңіз.**

- а) Қолбасшы; в) Әуежай;  
с) Қолғап; д) Тілші;  
е) Дәптер.

**9. Негізгі зат есімді белгілеңіз.**

- а) Жазу; в) Аяқ;  
с) Он алты; д) Бұлтты;  
е) Қара.

**10. Зат есімді табыңыз.**

- а) Екеу; в) Тарихи;  
с) Қызық; д) Кең; е) Қолөнер.

Кілті:

1.д 2.в 3.д 4.с 5.е  
6.а 7.с 8.е 9.в 10.е

Тест сауалдарын бағалау өлшемдері.

«5»-10, «4»-8, «3»-6, «2»-4.

**Insert әдісі**

Білемін	Үйрендім	Білгім келеді
Туып-өскен жерім – Қазақстан.	Зат есімдерді, септік жалғауларын жалғауды.	Қазақстан Республикасының тарихын.
Қазақстан – Еуразия құрлығындағы ең үлкен мемлекет.	Тірек-сызба арқылы әңгіме құруды, сұрақ қоюды.	Мәдениетін, салт-дәстүрін.
Тұңғыш Президент Н.Назарбаев.	Мақал-мәтелдермен жұмыс істеуді.	Қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалымдар туралы.
14 облыс, қалалары бар.		
Туы, Әнұраны, Елтаңбасы.		

**Рефлексия.** Көңіл күйлерін тексеру.

**Үй тапсырмасы:** Қазақстан туралы өткен тақырыптарды қайталау.

**Бағалау.**

Майра ЕЛКБАЕВА,  
Алматы қаласындағы  
№118 мектеп-гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҰСТАЗ

(4-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) «Ұстаз» тақырыбына байланысты Ыбырай Алтынсарин мен Ахмет Байтұрсынұлының өмірімен таныстыру, жаңа сөздер, сөзжұмбақ, тірек-сызба, мақал-мәтел, деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың қабілеттерін арттыру; 2) Білім стандартының талаптарына сай қарапайым білім мен түсінік деңгейіндегі тапсырмаларды кеңейту, сөздік қорын, тіл байлығын, ойлау қабілеттерін дамыту; 3) Өлең, ән арқылы оқушыларды білім алуға баулу, өзінің оқитын мектебіне, мұғаліміне, сыныптасына деген сүйіспеншілігін арттыру, сауатты көркем жазуға тәрбиелеу.

**Түрі:** топтық оқыту тәсілі бойынша «Брейн-Ринг» жарыс ойын сабағы. **Әдісі:** іскерлік пен дағдыны қалыптастыра отырып дамыта оқыту. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, дене шынықтыру, ән-күй сабағы. **Көрнекіліктер:** плакаттар, тірек-сызба, жаңа сөздер, сөзжұмбақ, «Брейн-Ринг» ойындарына қажетті заттар.

### Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) сәлемдесу; ә) Мемлекеттік гимн; б) бала санын түгелдеу; в) сабақтың мақсатын айту.

Психологиялық ахуал.

3 топқа бөлу.

I топ. «Білім». II топ. «Кітап». III топ «Жұлдыз».

II. Үй жұмысын тексеру. “Оқулық пен доп» мәтінінің мазмұнын айтып беру.


- Балалар, Білім туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер? (оқушылар білетін мақал-мәтелдерін айтады)

- Балалар, міне, біз білім туралы мақал-мәтелдерді айтып қазақ тілді жақсы меңгергенімізді көрсеттік.

III. Бүгінгі сабақтың тақырыбы шығу үшін сөзжұмбақ шешейік.

Қазақ тіліне  
аударындар.

1. Учитель.
2. Рисунок.
3. Школа.
4. Звонок.
5. Море.



Сұраққа жауап беріндер.

- Ұстаз дегеніміз кім?  
- Педагог, оқушыға білім, тәрбие беретін адам, нағыз жолдас.

IV. Жаңа сабақты түсіндіру.

- Балалар, қазақ халқының алғашқы педагогі Ыбырай Алтынсарин мен белгілі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы туралы танысамыз. Ыбырай

Алтынсарин 1841 жылы Қостанай облысында дүниеге келген. Әке-шешесінен ерте жетім қалып, атасы Балқожаның тәрбиесінде болған. Бала кезінен зерек, ақылды, білімге құштар болып өскен. Ыбырай Алтынсарин-қазақ халқының алғаш педагогі, ақын, аудармашы, жазушы. Балаларға арнап көптеген әңгімелер жазған «Әке мен бала», «Өзен», «Бақша ағаштары», т.б. 1864 жылы қазақ қыздарына арнап мектеп ашқан. Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы қайтыс болған.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ақыны, белгілі ғалымы аудармашы, зерттеуші, ұстаз. 1872 жылы Торғай облысында дүниеге келген. Әкесі Байтұрсын ақылды, шыншыл, турашыл адам болған. Ұстаз қазақ елін білімге, мәдениетке шақырған. Оның еңбектері: «Тіл құралы», «Дыбыс жүйесі», т.б. Шығармашылық жұмыстарымен танымал. 1937 жылы 9 қазанда сталиндік репрессияға ұшырап, атылған.

V. Жаңа сөздермен таныстыру.

*Ұстаз – учитель, наставник;*

*Мейірімді – добрый;*

*Дарынды – талантливый;*

*Асыға күтеміз – ждем с нетерпением;*

*Сыйлаймыз – уважаем;*

*Құшақ – объятие;*

*Дән – зерно;*

*Тәлім – наставление.*

(Мұғалім оқып, балалар қайталайды, сөздік дәптерге жазады.)

VI. Оқулықпен жұмыс.

Мәтінмен жұмыс.

Мәтінді мұғалім оқиды.

Мәтінді оқушылар бір сөйлемнен оқып аударады.

Суретпен жұмыс. Сұрақ-жауап.

VII. Тақтамен жұмыс. Топпен жұмыс. Топ басшылары фонетикалық талдау жасайды.

«Білім» тобы – Ұстаз

«Кітап» тобы – Оқушы

«Жұлдыз» тобы – Мектеп

Қалған оқушылар арнайы 3 деңгейлік тапсырмаларды дәптерлеріне орындайды.

Әр топ арнайы сұрақтарды бір-біріне ауызша қояды.

1. Ұстаз қандай адам?

2. Білім туралы кім қандай өлең біледі?

3. Жақсы оқушы қандай болады?

Брейн-ринг ойыны арқылы жұмбақтарды шешу.

1. Білімнің дәнін тереді,

Балаға тәлім береді. (Ұстаз)

2. Із қалдырып үнемі

Тұмсығымен жүреді. (қалам)

3. Қабат-қабат ақ тақыр

Қатар-қатар жол жатыр. (дәптер)

VIII. «Бақша ағаштары». Көрініс көрсету.

IX. Тірек-сызба арқылы қорыту. Топпен жұмыс.

1. Ұстаз.

2. Ыбырай Алтынсарин.

3. Ахмет Байтұрсынұлы.

X. Оқушылар «Ұстазым» әнін орындайды.



Гүлназ ТҮРСЫНОВА,  
Алматы қаласындағы  
№90 мектеп-лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## АНАМА НЕ СЫЙЛАЙМЫН?

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: ана ұғымының күдіреттілігін оқушыларға таныту, мән-мағынасын ашу.	1. Білімділік – өлеңді оқып, аудару, мазмұнын ашу. Тапсырмалармен жұмыс жасау, жаңа сөздердің жазылуын, айтылуын үйрету. 2. Дамытушылық – оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын, сөздік қорын дамыту. 3. Тәрбиелік – балаларға барлық аналарға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, құрметтей білуге тәрбиелеу.
Әдіс-тәсілдері:	Сын тұрғысынан ойлау, АКТ, диалогтік оқыту, дарынды және талантты балалармен жұмыс, оқытудағы жаңа тәсілдер, оқу үшін бағалау және оқыту үшін бағалау, жас ерекшеліктері бойынша оқыту, «миға шабуыл» стратегиясы.
Түрі:	Аралас.
Типі:	Интербелсенді.
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет, орыс тілі, өзін-өзі тану.
Дидактикалық қамтамасыз етілуі:	Интербелсенді такта, флипчарт, ұнтаспа, таныстырылым, суреттер, түрлі түсті фишкалар, кара жәшік, мақал.
Өлшемдік ойлау қабілеті:	7 «А, Б, В»
	Сабақтың барысы:

Уақыт		Мұғалімнің рөлі:	Оқушының рөлі:
5 мин.	<b>1. Ұйымдас-тыру кезеңі:</b> Амандасу. Топқа бөлу. (Фишка түстері арқылы: қызыл, жасыл, көк)	<b>1.</b> Амандасады. <b>2.</b> Оқушыларға фишкаларды таңдауға мүмкіндік береді. Фишка түсі бойынша үш топқа бөліп отырғызады.	1. Амандасады. 2. Оқушылар фишкаларды таңдап, топқа бөлінеді.
	Психологиялық ахуалын жақсарту. Ойын: Есімнің басты әрпі арқылы «қандай?» деген сұраққа жауап беріп, өзін сипаттау.	<b>3.</b> Оқушыларға ойын ойнатады. Әр оқушы өз есімін атап, бірінші әріпі бойынша өзін бір сын есім арқылы сипаттайды. Мысалы: Аида-ақылды.	3. Ойын арқылы өздерін сипаттап, қызығушылығын танытады.
	Фонетикалық жаттығуды орындау: Мақал: Анаға – құрмет, Атаға – қызмет.	<b>4.</b> Фонетикалық жаттығуды орындайды: 1. Мақалды оқушыларға оқытып, аудартады. 2. Дауысты дыбыстармен жұмыс жасатады. 3. Морфологиялық талдау: ана 4. Мақалдың мағынасын қалай түсінетінін анықтайды. <b>5.</b> Топқа қойылатын ережелермен таныстырады. Оқушыларға оқытады.	Фонетикалық талдауды орындайды. 5. Ережелерді оқып шығады.

		Түсіндіреді.	
8 мин.	<b>II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі:</b> 1. «Қара жәшік» ойыны. 2. Оқушылардың ашық хаттармен жұмысы.	<b>1.</b> Мұғалім қара жәшікке грамматикалық тақырыптар бойынша сұрақтарды дайындап ұсынады. <b>2.</b> Оқушылардың дайындап келген шығармашылық жұмыстарын тексереді.	1. Оқушылар қара жәшіктегі сұрақтарға жауап береді, ережені қайталайды. 2. Бір-біріне ашық хаттарын оқып шығады және тапсырады.
3 мин.	<b>III. Оқушылардың білімдерін жан - жақты тексеру кезеңі:</b> Сын тұрғысынан оқыту стратегиясы. АКТ, суреттермен жұмыс. Сабақтың мақсатын баяндау:	Мұғалім жаңа тақырыпмен байланыстыру үшін суреттерді қояды: - Ал, ендеше, балалар тақтаға қарап, мұқият тыңдап отырыңдар. - Балалар, осы суреттерге қарап, қалай ойлайсыңдар, бүгін біз сендермен кім туралы сөз қозғаймыз? - Яғни, балалар, біздің бүгінгі мақсатымыз – Ана туралы өлеңмен танысу және	Оқушылар суреттерді мұқият қарап шығады. Сұраққа жауап береді. Сабақтың мақсатын тыңдайды.

		анамызға жылы тілек айту мен сыйлық таңдауды үйрену.	
3 мин.	<b>IV. Жаңа білімдерін игеру кезеңі:</b> 1. «Анаға сәлем» өлеңін тыңдату. 2. Сөздікпен жұмыс.	1. - Ал, балалар, әдемі ән тыңдайық әрі сөздеріне мән берейік.	1. Оқушылар өлеңді тыңдайды, сұраққа жауап береді.
3 мин.	Жаңа сөздер: күйетұғын – переживать; кірпік қақпай – не спать; дамылсыз – без передышки; тербету – в колыбели качать; еркелету – баловать; сергіту – вдохновлять; жалқау – ленивый; көз жасын көлдету – плакать; шетке кету – вдали от дома; көпке кетсең – уходит из дома на долгая; жұлдыз сайын – в месяц один раз;	Бұл өлең кім туралы? Ендеше флипчартқа «Ана» сөзін жазып қояйық. 2. Балаларға жаңа сөздерді қайталатады, сәйкестендіру арқылы есіне сақтайды, сөздікке жаздырады. 3. Мұғалім оқулықтағы өлеңді мәнерлеп оқып, оқушыларға оқытады. 4. Сұрақтар арқылы өлеңнің мазмұнын ашуға мән береді.	2. Жаңа сөздерді тыңдап, қайталап, сәйкестендіреді, сөздікке жазады. 3. Оқушылар оқулықтарын ашып, өлеңді мәнерлеп оқиды. 4. Тақтада жазылған сұрақтар бойынша флипчартқа жауаптарын жазады, бір-бірден оқып шығады.

	төбесі көкке жетсін – пусть радуется; өле-өлгенше – до самой смерти.		
5 мин.	3. Оқулықпен жұмыс: 2-тапсырма. 47-бет. 4. Сұрақтармен жұмыс: «Миға шабуыл» стратегиясы: - Балалар, сендерді кім сүйеді, сендер үшін кім күйеді? - Жалқау болсаң, жаман болсаң аналарың қандай болады? - Аналарың сендер үшін не істейді? - Ананы ренжітпеу үшін не істеу керек? - Аналарыңның арманы не?	Жауаптарын флипчартқа жаздыртады, сұрағы мен жауаптарын оқытады. 5. Мұғалім оқулықтағы тапсырмаға назар аударады. Оқушылар ауызша сұраққа жауап береді.	Оқулықтағы тапсырма бойынша сұраққа жауап береді.
3 мин.			
5 мин.	5. Тапсырмалармен жұмыс: 1-тапсырма. 47-бет. Кесте бойынша аналарыңа қандай сыйлық сыйлар едіңдер?	6. Флипчартқа «Анаға тілек» жаздыртады, безендіреді. Топ мүшелері тақтаға шығып айтып, қорғайды.	1. Оқушылар оқулыққа сүйене отырып, флипчартқа тілек жазып, оқып шығады,

	- Аналарымызды қай күні ерекше құттаймыз? 6. Оқулықтағы 4-тапсырмаға назар аударып, аналарымызға қандай тілектер тілер едік дей отырып, флипчарттарымызға жазайық, безендірейік.	Бір-бірінің жұмысын стикерлерге жаздырып бағалатады.	флипчарттарын ауыстырып, стикерлерге өз пікірлерін жазады.
5 мин.	V. Бекіту кезеңі: «Синквейн» әдісімен жұмыс. Ана туралы Екі сын есім Үш етістік Төрт сөзден құралған бір сөйлем. Кілт сөз: Ана біз үшін кім? Бағалау: Мақтау, мадақтау (формативті бағалау). Сабақ бойы көрсеткен білімі мен белсенділігін қорытып бағалау (суммативті бағалау).	«Синквейн» әдісі арқылы бекітеді. Бағалайды.	Оқушылар «Синквейн» әдісі бойынша жауап береді. Бір-бірін мұғалімнің көмегімен бағалайды.

3 мин.	<b>VI. Үй</b> тапсырмасын беру кезеңі: ж/с, 2-тапсырма 47-бет (жаттау), «Анама сыйлық» тақырыбы бойынша эссе шығарма жазу. Рефлексия. Қолының ізін қалдырып, саусақтарына сабақта не ұнағанын, не білгенін, нені үйренгенін жазу, бірнешеуі оқып шығуы.	Мұғалім үй тапсырмасын түсіндіріп береді.  Рефлексия жүргізеді.	Оқушылар үй тапсыр- масын көшіріп жазады.  Рефлек- сияны орындайды.  Бірін-бірі бағалайды.
--------	---	--	---



**Миргүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,**  
Батыс Қазақстан облысының  
Орал қаласындағы  
А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы орта білім  
беретін мектебінің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЕВ

(II-сынып)

Мақсаты:	Оқушыларды халқымыздың
<b>1. Білімділік:</b>	атақты күйшілерімен

	таныстырып, кең даланы күй күдіретімен баураған ұлы күйші – Құрманғазы Сағырбаев туралы толығырақ мағлұмат беру.
<b>2. Дамытушылық:</b>	Ауызша және жазбаша тіл мәдениеттерін дамыту, жазу, сөйлеу, оқу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлем мүшелерін бір-бірінен ажырата білу, сөйлемде дұрыс таба білуге үйрету.
<b>3. Тәрбиелік:</b>	Күйші еңбегін бағалай білуге, құрметтеуге, мақтан етуге тәрбиелей отырып, білімге, өнерге баулу. Тарихи ұлы тұлғаларымызды мақтан ету, олардың ісіне деген қызығушылықтарын арттыру.
Әдісі:	әңгімелеу, түсіндіру, іздендіру, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, баяндау.
Түрі:	дәстүрлі
<b>Көрнекілігі:</b>	Құрманғазы портреті, күйлері, тірек кесте, үлестірмелі кәртішке.
<b>Сабақтың өту барысы:</b> Ұйымдастыру бөлімі:	1.1. Амандасу, түгелдеу, оқушылардың сабаққа дайындықтарын тексеру.

Үй тапсырмасын тексеру:	2.1. Д.Нұрпейісова – мазмұнын айту. 2.2. Сөйлем мүшелері-ереже, жаттығу.
Үй тапсырмасын бекіту:	- Дина Нұрпейісова кім? - Ол қай жылы, қайда туды? - Оған кім бата берді? - Оның қандай шығармалары бар?
Тірек сызба бойынша әңгімелеу.	Дина Нұрпейісова (тірек-сөздер: күйші, сазгер, БҚО, Орда ауданы, бата берді, «Бұлбұл», «Ана бұйрығы», т.б.)
Сұрақ-жауап:	- Динаның ұстазы кім? - Дұрыс, Құрманғазы Сағырбаев. - Ол туралы не білесіңдер?
<b>Жаңа сабақ:</b>	Құрманғазы Сағырбаев.
Сабақтың эфиграфы:	«Сағырбаев – сирек кездесетін жан» Н.Савичев. Кіріспе сөз: Бүгінгі жаңа сабағымыз – азаттықты аңсаған, сол ел тәуелсіздігі үшін соқпаққа басын ұрған, өз елінің, өз ұлтының санасына мәңгі қалған бейне – ол ұлы күйші Құрманғазы. Күйшінің бір күйі баяу ойнап тұрады:

	Серінің селт еткізер жан шырағы, селдетер сенгірді де бар шуағы. Ғажабы, азабы да күймен бірге, ол біздің ұлы күйші – Құрманғазы. - Ендеше, балалар, біздің бүгінгі сабағымыздың кейіпкері – Құрманғазы туралы болмақ. Сабағымыздың мақсаты – Құрманғазы өмірінен мағлұмат алу.
Мәтінмен жұмыс:	Мәтінді мәнерлеп өзім оқып шығамын (үлестірмелі мәтін)
Жаңа сөздер:	Жастайынан – с малых лет; Құштар болып өсті – увлекался; Өзекті мәселе – актуальная проблема; Азаттық, бостандық – свобода; Жеке тұлға – личность; Көтеріліс – восстание; Жырлады – воспевал; Танылды – признан. 1. Сөздерді хормен оқу, кезектесіп оқу. 2. Сөздермен сөз тіркесін, сөйлемдер құру. 3. Мәтінді оқу, аудару.

<p>Сұрақтарға жауап беру:</p> <p>-Қанша күйі бар? (60-қа жуық)</p>	<p>- Құрманғазы кім?          - Оның ұстазы кім?          - Алғашқы күйі қалай аталады?          - Ол өз күйлерінде нені суреттеген?          - Құрманғазы неге қарсы күрескен?          - Оның қандай күйлері бар?</p>
<p>Күйлерін талдау:</p>	<p>- <b>Алғашқы күйі</b> – «Кішкентай». Күйші бұл күйін қазақ халқының батырлары – Исатай мен Махамбетке, олар бастаған ұлт-азаттық көтеріліске арнаған. «Адай» (кіші жүз руы), «Ақсақ киік» (хромой сайгак), «Түрмеден қашқан».</p>
<p>Синоним сөздерді табу:</p>	<p>Синоним сөздермен сөз тіркесін, сөйлемдер құру;</p> <p>Ұлы ел, жұрт          Алғашқы атақты, әйгілі          Халық тұңғыш          Азаттық оқушы          Туынды көңіл бөлген          Назар аударған шығарма          Шәкірт бостандық</p>

<p>Деңгейлік тапсырмалар:</p>	<p><b>1. Сөйлем мүшелеріне талдау.</b>          Құрманғазы мектеп көрген жоқ, хат танымады, бірақ өмір сабағын тұрмыстан алды (с.қ.с.).          Қазақтың халық аспаптар оркестрі Құрманғазы атымен аталады (жай, хабарлы, жақты, толымды, жайылма).  <b>2. Сөз құрамына талдау:</b>          Күйлерін, күйші, домбырашы, Құрманғазыға, шәкірттер, туындыларының, көтеріліске)  <b>3. Сөз тіркесін құру:</b>          Өзекті ұстазы          Ұлы бостандығы          Алғашқы мәселе          Халық құштар          Музыкаға күйші</p>
<p>Тапсырмалар:</p>	<p>Тақтаға шығып толтыру керек.          Өнері – күйші, сазгер, домбырашы, ірі классик.          Күйлері – «Адай», «Ақсақ киік», «Балбырауын».          Неге қарсы күрескен?          Әділетсіздікке қарсы, халықтың бас бостандығы үшін          Құрманғазы атымен не аталды?          – Халық аспаптар оркестрі, консерватория, музыка мектебі, көше.</p>

Тірек кесте бойынша әңгімелеу:	Оқушыларды тактаға шығарып, Құрманғазыға қатысты тірек кестені толтыртып, әңгімелету.
Топқа тапсырма:	1-топ: «Құрманғазы» сөзінің әрбір әрпіне сөздер ойлау, сол сөздерді орыс, ағылшын тілдеріне аудару) 2-топ: «Күйші» сөзін жіктеу. 3-топ: «Домбыра» сөзін септеу.
Сабақты бекіту:	Білемін – Құрманғазы Сағырбаев – күйші, сазгер... Білдім – күйлерін, мұрасын... Білгім келеді – Құрманғазының ұрпақтары бар ма?
Бағалау.	
Үйге тапсырма:	Құрманғазы туралы мәлімет жинап келу.



**Тотия МҰҚАШЕВА,**  
Орал қаласындағы  
А.С.Макаренко атындағы №6 жалпы орта білім  
беретін мектептің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## ҚАТЕМЕН ЖҰМЫС

(II-сынып)

Мақсаты:	Қатемен жұмыс жүргізу. Қазақ
----------	------------------------------

	ғарышкері туралы мағлұматтарын толықтыру.	
Күтілетін нәтижелер:	А. Мәтінді түсініп оқиды, сұрақтар құрай алады. В. Мәтін бойынша тірек-сызба құрап, әңгімелейді. С. Ғарышкер туралы презентация дайындап, талдау жұмыстарын жасайды.	
Керекті жабдықтар:	Ресурс-мәтін, Т.Мұсабаев портреті, жұмыс дәптері, маркер, стикер, АКТ, презентация, топ ережесі, смайликтер.	
Сабақ барысы:		
<b>Сабақ кезеңдері:</b>	<b>Мұғалім әрекеті:</b>	<b>Оқушы әрекеті:</b>
Кіріспе.	<b>1. Ұйымдастыру.</b> Амандасу. Тренинг «Бұл мен» - шеңберге тұрып, әр оқушы өз атын айтып, атының бас әріпінен басталатын бойындағы қасиетін айтып, өзін таныстыру.	<b>1. Тренинг</b> арқылы тілдерін жаттықтырады, бір-біріне сыйластықпен қарап, сабаққа кіріседі.

	<p><b>2. Топқа бөлу</b> (өткен тақырыптар бойынша, ғарышкерлердің есімдерімен).</p> <p><b>3. Топты таныстыру.</b></p>	<p><b>2. Оқушылар</b> Юрий Гагарин, Валентина Терешкова, Светлана Савицкая, Тоқтар Әубәкіров болып бөлінеді.</p> <p><b>3. Әр топ өз топ ғарышкері туралы мәліметтер айтады.</b></p>
Тұсау-кесер.	<p><b>1. Мұғалімнің кіріспе сөзі.</b> (диктант нәтижесімен таныстыру, қатемен жұмыс жүргізу.)</p>	<p><b>1. Диктант</b> нәтижесі бойынша әр оқушы дәптерлерінде қатемен жұмыс орындайды. (қатесі/дұрысы)</p>
	<p><b>2. ҰБТ-ге дайындық кезеңі:</b> <u>Терминологиялық диктант (ауызша)</u> - мағынасы қарама-қарсы сөздер? - сөздің бөлшектенбейтін бөлігі?</p>	<p><b>2. Сұрақтарға</b> тездетіп, ауызша жауап беру. Антоним Түбір Омоним Төл сөз Морфология</p>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- дыбысталуы бірдей, мағынасы басқа сөздер?</li> <li>- біреудің сөзінің өзгеріссіз берілуі?</li> <li>- сөз таптарын зерттейтін сала?</li> <li>- етістік түбіріне у жұрнағы жалғанған етістік?</li> <li>- тұрлаулы мүшелерден тұратын сөйлем?</li> <li>- мүшеленбейтін сөйлем?</li> <li>- есім сөздердің орнына жүретін сөз табы?</li> <li>- іс-оқиғаның иесін білдіретін мүше?</li> </ul>	<p>Тұйық етістік Жалаң сөйлем Атаулы сөйлем Есімдік Бастауыш</p>
	<p><b>3. Презентация</b> көру. (Т.Мұсабаев туралы мағлұмат беру) - бұл кім? - қашан және қайда дүниеге келген? - қайда оқыған? - қандай марапаттары бар?</p>	<p><b>3. Оқушылар</b> презентация бойынша сұрақтарға жауап береді.</p>



Негізгі бөлім.	«Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі. <b>1. Ресурспен жұмыс.</b> - мәтінді оқу (бірге) - жаңа сөздерді анықтау. (түртіп көрсету)	«Пилот және навигатор» әдісі. <b>1. Мәтінді бірге оқиды, жаңа сөздерді түртіп көрсетеді. (әр жұп 2 сөзден)</b>
	<b>2. Сөздік жұмысы:</b> - оқу, аудару; - сөз тіркес, сөйлем құру. Азаматтық – гражданский; Әуе – небо, высь; Қатынас – связь, отношения; Төраға – председатель.	<b>2. Оқушылар мәтінді оқып отырып, жаңа сөздерді анықтап, сөздік дәптерлеріне жазып жұмыстанады.</b>
	<b>3. Тапсырмалар:</b> А) мәтін бойынша сұрақтар құру. Ә) мәтін бойынша тірек-сызба құру. Б) септік, тәуелдік, жіктік жалғаулары бар сөздерді теріп жазу. В) талдау жұмыстары: - ұшқыш,	

	ғарышкер, азаматтық, мамандығын-сөз құрамына талдау. - 1990 жылы Гагарин атындағы ғарышкерлер дайындау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісті-синт.талдау.	<b>3. Әр тапсырмаға фишка алып, ұпайлары саналады, бағаланады. А және Ә тапсырмаларын топпен бағалайды.</b>
Қорытынды.	<b>1. «Космос әлемінде» ойыны арқылы бекіту.</b> - Алғашқы ғарышқа ұшу ұзақтығы қанша уақытқа созылды? - Таңғы немесе кешкі жарық жұлдыз қандай планетаның аты? - Музыкалы сұрақ: «Жұлдыз» деген сөзі бар қандай өлең жолын білесіз?	108 минут  Шолпан - Венера  Екі жұлдыз, екі жарық көктегі, Төбемізден тұрып алды кетпеді.

	<p>- Ғарышқа адамзат ұшқанға дейін не жіберді, аттарын білесіңдер ме?</p> <p>- Ғарышқа ұшатын ракеталар біздің облысымыздағы қай ғарыш айлағынан ұшырылады?</p>	<p>Иттер: Лайка, Белка, Стрелка, Пчелка, Мушка, Звездочка, т.б.</p> <p>Байқоңыр</p>
	<p>- Әйелдер арасынан 1963 жылы алғашқы рет ғарышқа кім ұшты?</p> <p>- Космос корабльдерінде тамақтар қайда сақталады?</p> <p>- Ғарышкерге дене жаттығулары үшін гантельдер керек пе?</p> <p>- Ғарышқа ұшу кезінде космонавт киетін киім қалай аталады?</p>	<p>Валентина Терешкова</p> <p>Тюбиктерде</p> <p>Жоқ, өйткені космоста олар өз салмақтарын жоғалтады.</p> <p>Скафандр</p>

	<p>2. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.</p> <p>- Т.Мұсабаев кім?</p> <p>- Қайда дүниеге келген?</p> <p>- Қайда оқыған?</p> <p>- Қандай марапаттары бар?</p> <p>3. Рефлексия.</p> <p>Үйге: а) мәтін әңгімелеу.</p> <p>ә) презентация дайындау.</p>	<p>3. Стикерге не білдім? не білгім келеді? деген сұрақтарға жауап жаз.</p>
<p>Сабақтың өзіндік талдауы.</p>		



Назгүл ҚАПАНОВА,  
«Ауылшаруашылық колледжінін»  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің оқытушысы.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Бөрлі ауданы.

## ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ

**Сабақтың мақсаты:** 1) оқушылардың өткен тақырыптар бойынша білімдерін пысықтау, тиянақтау, грамматикалық ұғымдарды ауызша сөйлеуде сауатты

әрі дұрыс қолдану дағдыларын қалыптастыру. Үндестік заңы, Орал қаласы туралы толық мағлұмат беру; 2) оқушылардың ой-өрісін дамыту, сөздік қорын кеңейту, логикалық ойлауын дамыту; 3) оқушыларда қазақ халқының тіліне, ұлы адамдарына, Орал қаласына көзқарас қалыптастыру, танымдық қызмет белсенділігін арттыру.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** әңгімелесу, сұрақ-жауап, іздену ойыны. **Көрнекілігі:** суреттер, асық, қима кәртішкелер, альбом. **Қолданылған әдебиеттер:** 1) Б.Құлмағамбетова. «Қазақ тілін үйренушілерге көмек»; 2) Г.Қ.Рысбаева. «Қазақ тілі» грамматикалық анықтағыш.

### **Сабақтың барысы:**

#### **I. Ұйымдастыру бөлімі.**

Сәлемдесу. Оқушылардың тізімін оқу журналы бойынша бекіту, сабаққа дайындықтарын тексеру.

#### **II. Өткен сабақта алған білімдерін бекіту.**

Аудирование (сөйлесу)

Қазір жылдың қай мезгілі?

Күз неше айдан тұрады?

Қараша айында неше күн бар?

Мұғалім оқушыларға сұрақ қояды. Орысшасын айтады, олар қазақша жауап берулері керек.

Сәлемдесу, Қоштасу, Танысу. Мысалы: Танысуға рұқсат етіңіз.

Танысыңыз.

Алғыс айту (благодарность) рахмет, көп рахмет.

Құттықтау. Сізді мерекеңізбен құттықтаймын!

Поздравляю с новым годом!

Юбилей, день рождения, новоселье, праздник наурыз и т.д.

Өтініш (просьба) – Разрешите. У меня к Вам просьба, т.б.

Оқушыларға өмірбаяны бойынша сұрақ қою.

Фонетиканы қайталау.

Дыбыстар нешеге бөлінеді.

Дауысты және дауыссыз дыбыстардың айырмашылығы.

Үнді дауыссыз дыбыстар (түрлері).

Мысал келтіру. Сөздерді буынға бөлу.

у – ық, ау – ыс – тыр – ған

Дауысты дыбыстар қандай? (Тақтаға жазып талдау).

Мұғалім қима кәртішкелермен жұмыс таратады. Оқушылар тақтаға шығып оқып, аударады.

#### **III. Жаңа сабақ.**

(Дәптерлеріне бүгінгі күнді, айды жаздырту. Көркем жазуға машықтандыру).

Сабақтың тақырыбы: 1. Үндестік заңы. Буын үндестігі.

(Тақтаға үндестік заңына бағынатын және бағынбайтын сөздер ілінеді).

Үндестік заңы – закон сингармонизма;

Сингармонизм – гармония гласных звуков;

Буын үндестігі.

Гармония – что это такое?

Мысал келтіру.

В толковом словаре Ожегова:

Гармония – согласованность, стройность в сочетании чего –нибудь: звуков, красок, интересов.

В казахском языке существует гармония гласных звуков.

Қазақ тіліндегі сөздердің басым көпшілігі не жуан буынды, не жіңішке буынды болып келеді.

Сөздің соңғы буынының жуан, жіңішке болуына қарай қосымшалардың да бірыңғай жуан, не жіңішке түрде жалғануын буын үндестігі немесе сингармонизм деп атайды.

Большинство казахских слов произносится либо твердо, либо мягко. Твердость или мягкость слов зависит от гласных фонем. Созвучие гласных называется – гармонией гласных (сингармонизм).

Мысалы: жазу-шы-лар-ға, ән-ші-лер-ге, оқу-шы-лар, мектеп-тер.

Жіңішке буын: Сөздің алғашқы буыны жуан болса, келесі буын да жуан болады.

Если начальный слог слова твердый, то и следующий слог твердый: оқу-шы, қала, ор-ман.

Сөздің соңғы буыны жуан болса, қосымшада да жуан болады.

Если последний слог твердый, то последний афикс будет твердым: оқу-шы-лар, қа-ла-ның, ор-ман-ға.

Жуан буын.

Сөздің алғашқы буыны жіңішке болса, келесі буыны да жіңішке болады.

Если начальный слог мягкий, то и последующие слоги мягкие: ән-ші, үй-де, ө-нер.

Сөздің соңғы буыны жіңішке болса, қосымша да жіңішке болады.

Если последний слог мягкий, то последние афиксы будут мягкими: әнші-лер, үй-лер.

Ескерту: Үндестік заңына бағынбайтын сөздер.

(Тақтаға іліп қою және жазу)

Кірме сөздер (Заимствованные слова)

Емтихан тәкаппар (гордый)

қасиет (качество) мейман (гость)

қабілет (способность) мейрам (праздник)

Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалар.

(Мысал келтіру)

Работа по карточкам

Асық ойыны, тапсырма орындау.

II. Орал – тарихи қала (мәтін қосымша беріледі)

I. Сөздіктермен жұмыс:

а) оқу;

ә) аудару;

б) хормен қазақша айтқызып, әрқайсысын сұрау (оқытқызу).

II. Орал туралы әңгіме (мұғалім әңгімесі)

(Қысқаша конспект)

III. Мәтінді оқу (мұғалім).

Сөздікті пайдаланып, әрбіреуіне бір-бір сөйлемнен аударту.

Студенттердің көру қабілеттерін дамыту мақсатында Орал қаласы бейнеленген фотосуреттерімен жұмыс өткіземін.

IV. Сабақты бекіту. Сөзжұмбақ бойынша сабақта алынған білімді тексеремін.

Бағалау.

Сабақтың соңы.

Рыскүл ШАЙМҰРЗАҚОВА,  
«В.Г.Белинский атындағы  
орта мектеп мектепке  
дейінгі шағын орталықпен»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Алматы облысы,  
Қарасай ауданы,  
Қаскелең қаласы.

## АЛТЫН КҮЗ

**Сабақтың мақсаты мен міндеттері:** түрлі әрекеттер және тапсырмалар арқылы жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін салыстыра отырып, ұғындыру. Жаңа сөздерді меңгерту. Сурет бойынша мәтін құрастырып, өз ойын жүйелі жеткізе білу қабілеттілігін дамыту.

### Күтілетін нәтиже:

- Мәтіннен сөйлем түрлерін айыра біледі.
- Диалог түрінде өз тұжырымдамасын негіздеп, өз ойын қорғай біледі.
- Формативті бағалау әдісінің тиімділігіне сенімді болады.

**Мақсатты аудитория:** 6-сынып оқушылары.

**Сабақтың барысы:** ой қозғау, негізгі бөлім (мазмұнды ашу), практикалық жұмыс, кері байланыс.

**Әдіс-тәсілдер:** жұптық және топтық жұмыс, «Түртіп алу» стратегиясы, «Венн» диаграммасы, «Екі жұлдыз, бір тілек», диалог.

**Құрал-жабдықтар:** интерактивті тақта, слайдтар, постер, стикер, фломастерлер, смайликтер, бағалауға арналған парақшалар.

**Дидактикалық материалдар:** суреттер.

**Сабақтың мазмұны:**

Жұмыс кезеңдері.	Кезеңдердің мазмұны.	Қатысушылардың іс-әрекеті.	Уақыты.	Ресурстар.
Ұйымдастыру бөлімі.	Мұғалімнің сәлемдесуі.	Оқушылармен сәлемдесу.	2 мин.	
Кіріспе. <i>Мақсаты: оқушылардың қызығушылығын арттыру, табиғаттағы күзгі өзгерістерді байқай білуге жағдай жасау.</i>	Топтарға бөлу	Оқушылар күзгі жемістер арқылы топтарға бөлінеді.		Күзгі жемістердің кеспе суреттері.
Міндеттері: оқушылардың ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Өмірімен байланыстыра отырып, табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.	Мағынаны тану. Шығармашылық жұмыс: оқушылар, айналаға зер сала қарайықшы. Қандай өзгерістерді байқадыңдар? Егер сендер суретші болсаңдар осы байқағандарыңды қалай суреттер едіңдер?	Оқушылар айналадағы өзгерістерді, күзгі табиғатты сурет бетіне түсіреді.	10 мин.	

Әдістері: өзіндік, топтық, сыни тұрғыдан ойлау, миға шабуыл, диалогтық оқыту.				
Негізгі бөлім (мазмұнды ашу). Мақсаты: топпен жұмыста ортақ шешімге келе білу біліктіліктерін арттыру, ынтымақтас- тық атмосфе- расын орнату.	Суреттер бойынша бір сөйлемнен құрастыру ұсынылады.	Әр оқушы өз суреттері бойынша бір-бір сөйлем қарасты- рады.	2 мин.	
Міндеттері: ойлау, таным қабілеттілік- терін арттыру, ауызекі сөйлеу тілдерін дамы- ту, бірлескен жұмыста өзгелердің пікірлерін тыңдай отырып, ой тұжырымын жасай алу, өз пікірін негіздей білу машықтарын арттыру.	Әр сөйлемді мағынасына қарай топтастырып, тұтас мәтін құрастыру тапсырылады.	Сөйлем- дердің мағына- сына қарай оқушылар тақырыпқа байла- нысты мәтін қарасты- рады.	4 мин.	

Әдіс-тәсілдері: Топтық жұмыс. Жұптық жұмыс.	Жаңа сөздерді менгерту. «Түртіп алу стратегиясы». Интерактивті тақтадан оқулықтағы дайын мәтін көрсетіледі, мәтіндегі таныс емес сөздерді белгілеп алу ұсынылады.	Оқушылар оқулықтағы мәтінмен салыс- тырып, мәтіндегі жана сөздерді тауып, жұбымен талқы- лайды.	6 мин.	Пос- терге түсіру.
Сын тұрғысынан ойлау, диалог.		Бірін-бірі бағалау. “Екі жұлдыз, бір тілек”.	3 мин.	Слайд- тар.
	Топпен жұмыс.	1-топ. Жаңа сөздерді қатыс- тырып сөз тіркестерін жасау. 2-топ. Тақырып бойынша диалог құрастыру.	10 мин.	

		3-топ. Мәтін бойынша өзге топтарға сұрақтар құрау.		
Сабақты бекіту.	«Венн» диаграмма- сы арқылы жаз бен күз мезгілдерін салыстыру.	Постерге жаз бен күз мезгілдерін салыс- тырып, ой қорытады.		
Рефлексия. Топ мүшелерінің жұмысы бағаланады. Кері байланысты алу.	Слайд арқылы көрсетілген «бағалау баспал- дағына» өз деңгейлерін бағалап, стикерлер жабыс- тырады.	«Бағалау баспал- дағына» өз орнын тауып, си- кер жабыс- тыру, «не білемін?», «нені білдім?», «нені білгім келеді?» кері бай- ланысын толтыру.	7 мин.	Бағалау парағы.
Екі жұлдыз, бір тілек. Бағалау.		Бағалау өлшемдері бойынша парақтарын толтыру.		

### РЕФЛЕКСИЯ:

Сабақ орыс сыныбындағы қазақ тілі пәнінен өткізілді. Тақырыбы – «Алтын күз». Сабақтың мақсаты: оқушылардың жыл мезгілдері жайлы білімділіктерін еске түсірте отырып, түрлі әрекеттер мен тапсырмалар арқылы күз мезгілінің ерекшеліктерін салыстыра отырып ұғындыру. Тақырып бойынша қарапайым коммуникацияның құрылымына лайық өз ойын жеткізе білу дағдысын қалыптастыру.

Сабақты дәстүрлі сабақтардан ерекшелеу және оқушылардың сыни ойлау қабілеттіліктерін арттыру мақсатында мектептің күзгі саябағында өткізуді ұйғардым. Қойылған сұрақтарға жауапты қоршаған ортадан тануға, шығармашылыққа баулуға арналған тапсырмалар қарастырылды. Оқушылардың бір-бірімен ынтымақтаса отырып жұмыс жасаулары үшін шеңбер бойымен дөңгелектене отырғыздым. «Күз мезгілінің қандай өзгерістерін байқадыңдар, егер сендер суретші болсаңдар күз мезгілін қалай суреттер едіңдер?» деген сұрақтың жауабына сурет салуды ұсындым. Сурет салдыра отырып оқытудағы екінші мақсатым – оқушының белсенділігін арттыру. Оқушы көзбен көргенін, түйсінгенін суреттейді, сөзбен жеткізе алмаған түйсігін суретпен жеткізеді. Тапсырманы барлық оқушылар асқан қызығушылықпен орындады. Ауызекі сөйлеуде жеткізуге қиналатын ойын сурет

түрінде жеткізуге тырысқан оқушылар өздерін еркін сезініп, бар ынталарымен орындағаны байқалды. Топпен жұмыста оқушылардың бірін-бірі тыңдай білу машықтарын, дағдыларын дамыту – маңызды. Өзгелердің пікірлері мен келіспегеннің өзінде де әрбір дауыс естілуге құқылы. Оқушыларды бақылау мен қорытынды шығаруға жетелеу мақсатында әр топтың бір-біріне сұрақтар қоюын сұрадым. Жауапты жан-жақты ізденді, тақырып төменгі сыныпта өтілген таныс тақырып болғандықтан осыған дейінгі алынған мәліметтерді еске түсіріп, қолдана білді. Топтардың жұмыстарын «екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағалауды ұсындым. Оқушылардың бағалау туралы түсініктері қалыптасқан, басқаларының кемшіл тұстарын аңғара білді. Барлық топтарға ортақ тапсырма – сызба бойынша «күз» туралы әңгімелеуді тапсырдым. Берілген ақпаратты негіздей отырып, жаңа сөздерді ауызекі сөйлесуде орынды қолдана білу, жүйелі сөйлем құрап сөйлей білу білімділіктерін дамыту мақсатын көздедім. Ашық сұрақтар қоя отырып төменгі сыныптарда алған ақпараттарын еске түсірдім. Оқытуда сұрақ қою – маңызды әрекеттердің бірі болып табылады. Сабақтың қорытындылау кезеңінде «жаз» мезгілі мен «күз» мезгілдерін салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы пікірлерін қорғады. Венн диаграммасы арқылы салыстыру оқушылардың жан жақты жауап берулеріне, ұшқыр ойлауға жетелейді.

Өз пікірлерін дәлелдей отырып, сөйлеу дағдылары қалыптасады. Сабақ туралы оқушылардан алынған кері байланысқа зер сала отырып байқағандарым: 1) оқушылар дәстүрлі емес сабақтардың жиі өткізілгенін қалайтындықтарын білдіріпті, 2) шығармашылық жұмыс – ауызекі тілдесімде қазақ тілінде сөйлеуге қиналатын оқушылар үшін ұтымды әдіс екендігін байқадым. Сонымен қатар қателіктерімді де саралап, алдыңғы сабақтарда ескерілетін мәселелер түрінде өзіме ескертпе түрінде жазып алдым.

1) Сергіту сәті өткізілмеген себебі, оқушылардың шаршағандарын немесе жалыққан сәттері байқалған жоқ. Ол уақытты сабаққа арнауды жөн көрдім.

2) Сабақтың шығармашылық сәті табиғатта, практикалық сәті кабинетте өткізілгендіктен, уақыт жетіңкіремей, барынша үнемдеуге тура келді. Дегенмен де, оқушылар тарапынан мұндай сабақ түріне реніш болған жоқ. Сабақтың жоспарланған мақсаттары мен міндеттері толығымен ашылды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оқулық. 6-сынып. Қазақ тілі.
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, үшінші деңгей, 2012 жыл.
3. Интернет көздері.



Татьяна ЛУПУ,  
Новопокровка орта мектебінің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Бородулиха ауданы.

## ҒАЖАЙЫП ӘРІПТЕР

*(1-сынып оқушыларына арналған ертеңгілік)*

**Мақсаты:** оқушылардың білім деңгейін саралап, үйренген өнер, оқу, тәрбие жұмыс түрлерін көрсете білу. Әр түрлі ойындар арқылы қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

**Көрнекілік:** қазақ тіліне тән әріптердің суреттері, күннің суреті, пазл, сиқырлы қоржын, қармақ, балықтар, шарлар

### **Іс-шара барысы:**

- Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар, балалар! Бүгін біз ғажайып әріптер әлеміне саяхат жасаймыз. Біздің сынып – үлкен автобус, ал біз – жолаушылармыз. Саяхатты бастамас бұрын, саяхатшыларымызбен танысайық. Біз олармен жақынырақ танысамыз, әуес істерін, достарын білетін боламыз.

(Балалар өздері туралы әңгімелейді).

- Ал жолаушылар, автобустағы өз орындарыңа отырыңдар, біз сапарға шығамыз. Енді, мына сұрақтарға жауап беріңдерші:

- Қазақ әліпбиіне тән неше әріп бар? (9)

- Олар неге тән әріптер деп аталады? (Өйткені олар тек қана қазақ тілінде кездеседі)

Бізбен бірге саяхатқа сендердің сүйікті кейіпкерің де шығады. Міне, ол атына мініп, келе жатыр.

(Сыныпқа Алдар Көсе атпен шауып кіреді.)

- Балалар бұл кім? Білесіңдер ме? (Білеміз, бұл – Алдар Көсе.)

- Балалар, білесіңдер ме, оның есімінің мағынасы қандай? (Алдар – обманщик, көсе – безбородый)

Алдар Көсе:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қал-жағдайларың қалай? Балалар, менің сиқырлы қоржыным бар. Онда сендерге көп тәтті сыйлықтар бар.

- Балалар, қараңдар! Мынау не? Бұл – күн. Күн бізге жұмбақ жасырады.

- Мен жұмбақты оқимын, ал сендер оны шешесіңдер. Мұқият тыңдаңдар:

*Әтеште бар, тауықта жоқ*

*Әселде бар, Анарда жоқ* («Ә» әрпі)

- Енді, «Ә» әріпін күн сәулесіне жазамыз. Ал, кәне, осы әріпті бәріміз айтайық. (әріпті бәрі хормен қайталап айтады.)

- Алдар Көсе сендерге тапсырма дайындады.

Алдар Көсе:

- Менің қоржынымда не бар екен, қараңдар! Мынау кім, мынау не? (әже, әке, әтеш, әліппе). (Дұрыс жауап берген балаға Алдар Көсе тәтті сыйлық береді.)

Алдар Көсе: - Кім әже туралы өлең айтып береді?  
(Бір оқушы әже туралы өлең айтып береді.

Әже

Менің әжем, ақ әжем –  
Ұл мен қыздың бағы – әжем.

Ертегі айтып бер десең,

Айтып берер тағы әжем.

(Балаға Алдар Көсе тәтті сыйлық береді).

- Келесі жұмбақ.

*Үйректе бар, қазда жоқ*

*Күнде бар, айда жоқ.* («Ү» әрпі)

- «Ү» әрпін күн сәулесіне жазамыз

- «Түс» сөзінде қандай дауысты дыбыс бар?

- «Ү» дыбысы. Енді өлең арқылы түстерді қайталайық.

Мынау – сары қарындаш,

Мұнымен күнді бояймын.

Мынау – жасыл қарындаш,

Мұнымен гүлді бояймын.

Мынау – көк қарындаш,

Мұнымен суды бояймын.

- Келесі жұмбақ:

*Ұяда бар, қияда жоқ.* («Ұ» әрпі)

«Ұ» әрпін күн сәулесіне жазамыз. «Ұ» әрпі бар қандай сөздер білеміз?

- «Ұшты» сөзі қалай аударылады? Ал, кәне, «Ұшты-ұшты» ойынын ойнайық:

Ұшты-ұшты торғай ұшты,

Ұшты-ұшты ұшақ ұшты,

Ұшты-ұшты қалам ұшты,

Ұшты-ұшты түлкі ұшты,

Ұшты-ұшты құс ұшты,

Ұшты-ұшты ағаш ұшты,

Ұшты-ұшты қоян ұшты,

Ұшты-ұшты қарға ұшты.

Осы сайыста алғыр балаға Алдар Көсе тәтті сыйлық береді.

- Келесі жұмбақ:

*Түлкіде бар, қасқырда жоқ.*

*Кірпіде бар, қоянда жоқ.* («І» әрпі)

«І» әрпі бар қандай сөздер білеміз? (кірпі, түлкі, бір, ілгіш)

«І» әрпін күн сәулесіне жазамыз.

«Адасқан әріптер» ойыны. (Адасқан әріптерден сөздер құраймыз.)

Бір, әтеш, кітап, қалам, күн, доп.

Доп

Добым, добым, домалақ,

Токтамайсың домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,

Тәрелкені сындырдың.

Тентек болып кеттің деп,

Тұрмын сені тепкім кеп.

- Келесі жұмбақ:

*Өзенде бар, теңізде жоқ.* («Ө» әрпі)

«Ө» әрпі бар қандай сөздер білеміз? «Ө» әрпін күн сәулесіне жазамыз.

- Балалар, өзенде нелер жүзеді? (балықтар). Қазір біз өзенге саяхат жасап, балықтарды аулаймыз.

Ойын: «Балықшы» (Балалар қармақпен балық аулайды. Балықтарда сөздер жазылған. Осы сөздерді балалар дауыстап оқып, орыс тіліне аударады.)

Көктем, әке, қыс, үй, өрмекші, жаз, ұшақ, күз, түлкі.

- Балалар, қазір қандай жыл мезгілі? (көктем)

Көктем

Жыршы құстар көп келді,

Гүлдер жапты бөктерді.

Кел, балалар, әнменен

Қарсы алайық көктемді.

Сергіту сәті: «Көбелек» биі.

Шаршасаңдар, балалар, қолдарыңды созыңдар,

1 2 3 4 5 орнымыздан тұрамыз.

Бәріміз бірге билейік:

Ақ қанатты көбелек,

Көк қанатты көбелек,

Көбелек-ау, көбелек,

Мені өзіңмен ала кет.

- Келесі жұмбақ:

*Ағашта бар, талда жоқ,*

*Ғалияда бар, Әлияда жоқ.* («Ғ» әрпі)

- «Ғ» әрпін күн сәулесіне жазамыз.

«Сиқырлы қоржын» ойыны.

- Алдар Көсенің сиқырлы қоржынына жасырған жұмбақ сөздер бар. Сөздерде кейбір әріптер жоғалған. Біз қоржыннан сөздерді алып, жоғалған әріпті орнына қоямыз.

А...аш, са...ат, тор...ай, а...а, қар...а. (Ағаш, сағат, торғай, аға, қарға.)

- Келесі жұмбақ:

*Қазда бар, үйректе жоқ*

*Тауықта бар, әтеште жоқ* («Қ» әрпі)

«Қ» әрпін күн сәулесіне жазамыз, біз немен жазамыз? Бұл сөзде «Қ» әрпі бар, ол қандай сөз? (қалам)

«Ұйқасын тап» ойыны. Балалар сөздердің суреттердегі баламасын табады.

Кітап, дәптер, қалам, күнделік, қарындаш, өшіргіш, сызғыш, сөмке.

Оқу құралдары туралы өлең:

Кітап, дәптер, қаламым,

Сөмкеме оны саламын.

Күтетін оқу құралын

Мен әдепті баламын.

- Келесі жұмбақ:

*Жаңбырда бар, қарда жоқ.* («Н» әрпі)

«Н» әрпін күн сәулесіне жазамыз.

- Келесі жұмбақ:

*Айдаһарда бар, жыланда жоқ.* («Һ» әрпі)

«Һ» әрпін күн сәулесіне жазамыз.

- Енді біз пазл құрастырамыз. Егер біз дұрыс құрастырсақ, бір аңның суреті шығады. Ол аңның атауында һ әрпі бар. (айдаһар)

Сергіту сәті:

Саусақтарымыз үшін жаттығулар жасаймыз.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.  
Алақанды ашамыз,  
Бесті беске қосамыз.  
Кел, санайық ал мұны,  
Нешеу болды барлығы?

- Ал енді, балалар, Алдар Көсені шығарып  
салайық. Сау болыңыз, Алдар Көсе!

- Балалар, біздің саяхатымыз қызықты болды  
ма? Сендерге не ұнады?

- Қараңдаршы, балалар, біздің күніміз күлімсіреп  
қалыпты, өйткені біз барлық тән әріптерді жақсы  
білеміз және оларды жаза аламыз.

- Балалар, енді Күн туралы ән айтайық.

**Әрқашан күн сөнбесін.**

Күн әлемі, көк әлемі,  
Бұл суреті жас баланың  
Ақ қағазға салған оны  
Қалдырған бар сөзі.

Әрқашан Күн сөнбесін,  
Аспаннан бұлт төнбесін.

Қасымда болсын мамам,  
Болайын мен де аман!

- Осымен балалар, ертеңгілігіміз аяқталды. Келесі  
кездескенше, қош сау болыңдар!

## ҚАЙДАН КЕЛДІҢ, БАУЫРСАҚ?

(4-сынып)

Жалпы мақсаты:	Білімділік: нанның көп еңбек арқасында келетінін әңгімелеу, нан туралы мақал-мәтелдер, тақпақ, тыйым сөздер айту. Дамытушылық: сөздік қорды байыту, ауызекі сөйлеу тілін дамыту, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту. Тәрбиелік: нанды құрметтеуге тәрбиелеу, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.
Оқу нәтижесі:	Нанның қадірін түсінеді. Тақырып бойынша белсенді сөздік қорды меңгереді, сұрақтарға жауап бере алады, қазақ тіліне тән дыбыстарды меңгереді.

Тақырып бойынша түйінді идеялар:	Тапсырмалар жас ерекшеліктеріне және ойлау деңгейіне сәйкес құрылады және «жеңілден-күрделіге» ұстанымына негізделеді, топтық жұмыстар барысында оқушылар ЖАДА-ның ықпалымен өздігімен оқуға дағдыланады.
Көрнекіліктер, қажетті құралдар:	Флипчарттар, маркерлер, фишкалар, суреттер, стикерлер, АКТ, презентация, слайд-шоу.
Жаттығулар:	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу. Түгелдеу. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.</p> <p>II. Сергіту сәті. 3 мин.</p> <p>III. «Тілек айту» әдісі. 1 мин.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жақсылық тілеймін.</li> <li>- Сабақтан «5» ал.</li> <li>- Адал достар тілеймін.</li> <li>- Денсаулық тілеймін.</li> <li>- Ашық аспан.</li> <li>- Ата-анаңа денсаулық тілеймін.</li> </ul>
	IV. Үй тапсырмасын тексеру: «Шеңбер бойымен» әдісі. 4 мин.

	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Сенің сүйікті тағамың?</li> <li>- Сүт тағамдарын ата.</li> <li>- Қандай ұлттық тағамдарды білесің?</li> <li>- «Вита» сөзінің латын тілінен аудармасы? Өмір</li> <li>- Дәруменнің аудармасы? Витамин</li> <li>- Сүттен жасалатын сусындар? Қымыз, шұбат</li> <li>- Қымыз ненің сүтінен жасалады? Бие</li> <li>- Шұбат ненің сүтінен жасалады? Түйе</li> </ul>
	V. Жаңа сабақтың барысы Сабақтың тақырыбымен, мақсаттарымен, тапсырма түрлерімен, бағалау өлшемдерімен таныстыру. - Бүгінгі сабақтың тақырыбы «Қайдан келдің, бауырсақ?» - Мақсаты: Нанның көп еңбек арқасында келетінін әңгімелейміз, нан туралы мақал-мәтелдер, тақпақ, тыйым сөздер айтамыз, флипчартпен жұмыс жасаймыз, постерлер қорғаймыз, презентациялар көрсетеміз.

	<p>VI. Білу. Сөздік жұмысы. 5 мин.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Наубай – пекарня.</li> <li>2. Наубайшы – пекарь.</li> <li>3. Диірмен – мельница.</li> <li>4. Диірменші – мельник.</li> <li>5. Дикандар – хлеборобы.</li> <li>6. Бидай – пшеница</li> <li>7. Ұн – мука.</li> </ol> <p>Сөз тіркестер, сөйлемдер құрастыру.</p>
	<p>2. Түсіну. Презентация «Нан дастарқанға қалай келеді?» 5 мин.</p> <p>- Нан дастарқанға қалай келетінін түсіндіңдер ме? «Бағдаршам» әдісі. Жасыл түс – түсіндім. Сары түс – толық түсінбедім. Қызыл түс – түсінбедім.</p>
	<p>3. Топпен жұмыс: 1-топ. «Жемістер» 2-топ. «Балмұздақ» 3-топ. «Бешбармақ» Флипчартпен жұмыс. 7 мин</p>
	<p>«Нан туралы». 1-топ. Тыйым сөздер. Нанды жерге тастама. Нанның үстіне зат қойма.</p>

	<p>Нанды төңкерме. Нанды бір қолмен үзбе.</p>
	<p>2-топ. Мақалдар.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Еңбектің наны – тәтті, Жалқаудың жаны тәтті.</li> <li>2. Нан бар жерде ән бар.</li> <li>3. Дәнді шашпа, нанды баспа.</li> <li>4. Нан – тамақтың атасы. Ынтымақ — көптің батасы.</li> <li>5. Нан астығын жинаймын, Елге астық сыйлаймын.</li> </ol>
	<p>3-топ. «Нан дастарқанға қалай келеді?»</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Егінші бидай егеді.</li> <li>2. Комбайыншы егінді жинайды</li> <li>3. Диірменші бидайды тартады.</li> <li>4. Ұннан нан пісіреді.</li> <li>5. Нан дүкенге түседі.</li> </ol> <p>Нан дастарқанға көп еңбек арқасында келеді. Нанды қадірлеу керек!</p>
	<p>Жазбаша. Постер қорғау. Стикермен бағалау.</p> <p>4. Талдау. «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңін түсініп, рөлге бөлініп оқу. (3 мин.)</p>

	<p>Қайдан келдің, бауырсақ?  Дастарқанда шашылып,  Жатты аппақ бауырсақ.  Бауырсаққа қызығып,  Қарап тұрып көзін сап:  - Қайдан келдің, бауырсақ?-  деп сұрады қуыршақ.  - Дүкеннен келдім нан сатқан,-  деді оған бауырсақ.  - <b>Дүкенге келдің қай жақтан?</b>  - Наубайдан келдім нан жапқан.  - Наубайға келдің қай жақтан?  - Диірменнен келдім ұн тартқан.  - <b>Диірменге келдің қай жақтан?</b>  - Даладан келдім, жан-жақтан  Арғы тегім – ақ бидай,  Тәттімін, жеп көр,  Жесең өзің байқарсың  Рақметінді айтарсың.  Ө.Тұрманжанов.</p>
	<p>5. Жинақтау. 4 мин.  Нан, қасиетті, дастарқан,  өмір, тіршілік нәрі, бидай,  жиналады, егінші, еліміз, бай  сөздерін пайдаланып, сөйлемдер  құрастыру.  - Нан – ең қасиетті дәм. Нансыз  өмір жоқ. Нан – тіршілік нәрі.  Ол дастарханға оңайлықпен  келмейді. Біздің еліміз өте бай.  Осы байлығымызды Қазақстан  Республикасының рәміздерінің  бірі Елтаңбада көрсеткен.  Елтаңбада бидай масағы  бейнеленген. Бүгін нан туралы,  адамдардың еңбегі жайында  әңгімелестік.</p>

	<p>Нан болмаса, күнделікті  тамақтануымыздың  да, қонаққа арналған  дастарқанымыздың да сәні  болмас еді. (слайд)</p>
	<p>6. Бағалау. (2 мин.)  - Нан дастарқанға қалай  келеді? (оқушылардың пікірі:  көп еңбек арқасында келеді.  Жазбаша тапсырма.  «Жалғасын тап» әдісі. Керекті  сөзді қойып, жазу.</p>
	<p>Мақал-мәтел айту.  1. Қоныс көркі – там,  дастарқан көркі – .....(нан)  2. Дастарқанда наны жоқтың,  тағамының..... жоқ. (дәмі)  3. Нан болса .....болады. (ән)</p>
	<p>VI. Үйге тапсырма беру:  Сен нанды қалай қадірлейсің?  Әңгіме құрастыру.  Рефлексия: Беткескіндер  арқылы қалдыру.  «Кері байланыс» парағы –  стикерлерге жазып қалдыру.  Слайд. ҚР Әнұранын айту.</p>

Айсұлу НАЛИЕВА,  
Батыс Қазақстан облысының  
Орал қаласындағы  
А.С.Макаренко атындағы  
№6 жалпы орта білім  
беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

(5-сынып)

### 2.1 модуль. Менің отбасым

#### 1. Әкемнің шешесі маған кім болады?

- а) нағашы ата;            ә) нағашы әже;
- б) қарындас;            в) сіңлі;
- г) әже.

#### 2. Шешемнің әкесі маған кім болады?

- а) нағашы апа;            ә) нағашы әже;
- б) әпке;                    в) нағашы ата;
- г) аға.

#### 3. «Отбасы» деген сөзге мағыналас сөздерді

анықта:

- а) оқытушы, ұстаз;      ә) әулет, жанұя;
- б) шәкірт, оқушы;      в) әке-шеше;
- г) аға, іні.

#### 4. Сөйлемді тиісті сөзбен толықтыр.

Менің отбасым ... тұрады.

- а) кіші;                    ә) бауырмал;
- б) тату-тәтті;            в) үлкен;
- г) дәстүр.

#### 5. Қазақ халқының қонаққа беретін басты

тағамы:

- а) сүт;                      ә) самса;
- б) бесбармақ;            в) айран;
- г) сүзбе.

#### 6. Жіңішке түбірлі сөздерді анықта:

- а) жақын, қамқоршы;    ә) ұл, қыз;
- б) әке, шеше;            в) қант, нан.
- г) құлыным, жұлдызым.

#### 7. Жуан түбірлі сөздерді анықта:

- а) немере, жиен;        ә) шілдеhana, дәстүр;
- б) сыйлы, дастарқан;    в) мереке, көңілді;
- г) үлкен, кіші.

#### 8. Үндестік заңына бағынбайтын сөздерді

анықта:

- а) құрмет, еңбеккер;    ә) қонақ, көмек;
- б) ардақта, сыйла;      в) ақыл, тәрбие;
- г) мейірімді, сезім.

#### 9. Зат есімдерді анықта:

- а) біздің, менің;        ә) қарсы алу, өткізу;
- б) биік, жарық;        в) сырланған, орналасқан;
- г) көше, бөлме.

#### 10. Жалқы есімдерді анықта:

- а) Әбілқайыр көшесі, Орал қаласы;
- ә) қонақ бөлме, үлкен кілем;
- б) әдемі перде, бес терезе;
- в) амандасу, сәлемдесу;
- г) сүт тағамдары, нан тағамдары.



## 2.2 модуль. Мен және менің досым

### 1. Достық туралы мақал-мәтелді анықта:

- а) Білім кілті – тіл.
- ә) Көз қорқақ – қол батыр.
- б) Мектеп – кеме, білім – теңіз.
- в) Отан оттан да ыстық.
- г) Адам досымен, ағаш тамырымен мықты.

### 2. «Досымның мінезі» тақырыбына байла-

#### нысты сөздерді анықта:

- а) көзі қара, шашы ұзын;
- ә) бойы қысқа, әдемі;
- б) сенімді, сыпайы;
- в) оқу озаты, сыныптас;
- г) көмек, жәрдем.

### 3. «Құрбы» деген сөзге мағыналас сөзді анықта:

- а) қайырымды;            ә) құрдас;
- б) өтірік;                в) үлгілі;
- г) тырыс.

### 4. «Дос» деген сөздің синонимін анықта:

- а) мақтаныш;            ә) қайырымды;
- б) бос уақыт;            в) жолдас;
- г) балабақша.

### 5. Сөйлемдегі реттік сан есімді анықта:

Данияр деген досым бесінші сыныпта оқиды.

- а) оқиды;                ә) досым;
- б) бесінші;              в) деген;
- г) сыныпта.

### 6. Сөйлемдегі ілік септігіндегі сөзді анықта:

Абыздың денсаулығы нашар, көп жүгіре алмайды.

- а) денсаулығы;        ә) көп;

- б) нашар;                в) жүгіре алмайды;

г) Абыздың.

### 7. Сөйлемдегі жатыс септігіндегі сөзді анықта:

Қиын жағдайларда көмек беруге дайын.

- а) дайын;                ә) қиын;
- б) жағдайларда;        в) көмек;
- г) беруге.

### 8. Сөйлемдегі тәуелдік жалғауы бар сөзді анықта:

Менің досым – тамаша, жақсы бала.

- а) менің;                ә) тамаша;
- б) жақсы;                в) досым;
- г) бала.

### 9. Сөйлемдегі етістікті тап.

Оның шалбары жырым – жырым болды.

- а) оның;                ә) болды;
- б) шалбары;            в) бірақ;
- г) жырым-жырым.

### 10. Сөйлемдегі көптік жалғаулы сөзді тап.

Жаңа тәрелкелер әдемі, гүлі бар.

- а) жаңа;                ә) әдемі;
- б) тәрелкелер;        в) бар;
- г) гүлі.

## 2.3 модуль. Еңбек. Мамандық

### 1. Дәрігер не істейді?

- а) балаларды оқытады;
- ә) нан пісіреді;
- б) машина жүргізеді;
- в) адамдарды емдейді;
- г) шаш қияды.

**2. Дастарқанның басты тағамы –**

- а) жеміс;                      ә) нан;
- б) сүт;                        в) жидек;
- г) көкөніс.

**3. Еңбек туралы мақал – мәтелді анықта.**

- а) Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам.
- ә) Білімдінің күні жарық.
- б) Өнер алды – қызыл тіл.
- в) Сүйіп істеген іс шаршатпайды.
- г) Адам досымен, ағаш тамырымен мықты.

**4. Көйлекті кім тігеді?**

- а) аспаз;                      ә) мұғалім;
- б) мұнайшы;                в) заңгер;
- г) тігінші.

**5. Сөйлемдегі сын есімдерді анықта.**

Онда наубайшылар тәтті тоқаштар, дәмді нандар пісіреді.

- а) тоқаштар, нандар;
- ә) онда, пісіреді;
- б) наубайшылар, нандар;
- в) онда, тоқаштар;
- г) тәтті, дәмді.

**6. Барыс септігіндегі сөзді анықта:**

- а) бауырсақ;                ә) азық-түлік;
- б) науқастар;                в) қалаға;
- г) қызметті.

**7. Өткен шақтағы етістікті тап:**

- а) оқытады;                ә) даярлайды;
- б) пісіреді;                 в) қорғайды;
- г) сатты.

**8. Сөйлемдегі етістікті анықта:**

Нан дастарқанға көп еңбекпен келеді.

- а) келеді;                    ә) дастарқан;
- б) көп;                        в) нан;
- г) еңбекпен.

**9. Сөйлемдегі I жақтағы етістікті анықта:**

- а) Мен ғарышкер боламын.
- ә) Сен шаштараз боласың.
- б) Сіз дәрігер боласыз.
- в) Ол кітапханашы болады.
- г) Олар нан пісіреді.

**10. Оқушының еңбегі неде?**

- а) балық аулауда;            ә) білім алуда;
- б) үй салуда;                в) адам емдеуде;
- г) көлік жүргізуде.

**2.4 модуль. Менің Отаным****1. Отан туралы мақал-мәтелді анықта:**

- а) Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.
- ә) Мектеп – кеме, білім – теңіз.
- б) Еңбегіне қарай өнбегі.
- в) Еңбек – адамның көркі, адам – заманның көркі.
- г) Адам – бір-біріне қонақ.

**2. Еліміздің елордасы қай қала?**

- а) Алматы қаласы;            ә) Астана қаласы;
- б) Орал қаласы;                в) Ақтау қаласы;
- г) Тараз қаласы.

**3. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.**

- а) 8-наурыз;                    ә) 22-наурыз;
- б) 30-тамыз;                 в) 1-2-қаңтар;

г) 16-17-желтоқсан.

**4. Павлодар облысындағы ең бір керемет жер –**

а) Бурабай;                      ә) Баянауыл;

б) Сарыарқа;                    в) Ақжайық;

г) Жетісу.

**5. Қазақстан Республикасының рәміздері –**

а) тау, теңіз, өзен;

ә) жануарлар, өсімдіктер;

б) елтаңба, ту, әнұран;

в) көмір, газ, мұнай;

г) жеміс, мақта, күріш.

**6. Ілік септігіндегі сөзі бар сөйлемді анықта:**

а) Қазақстанда өзен көп.

ә) Қазақстан Республикасы – Еуразия құрлығындағы мемлекет.

б) Республикада 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады.

в) Біздің еліміз – бай әрі қуатты ел.

г) Мұнда барлық халық еркін өмір сүреді.

**7. Тәуелдік жалғауы жоқ сөйлемді анықта:**

а) Біздің Отанымыз – Қазақстан.

ә) Республикамыз үлкен, табиғаты тамаша, жері кең әрі бай.

б) Қазақстан – ең ірі астықты мемлекет.

в) «Жері байдың – елі бай», - дейді халық.

г) Қазақстан жерінде көмір, мұнай, темір, алтын, мыс мол.

**8. Көптік жалғаулы сөзі бар сөйлемді анықта:**

а) Мен өз елімді мақтан етемін.

ә) Тау биіктеген сайын ауа райы салқындайды.

б) Таудан мөлдір бұлақтар ағады.

в) Алматыда алма өседі.

г) Қызылордада күріш өседі.

**9. Тәуелдік жалғаулы зат есімді анықта:**

а) Президенттің;                ә) Үкіметті;

б) Сенатқа;                        в) Мәжілістен;

г) Конституциясы.

**10. Барыс септікті сөз тіркесін анықта:**

а) Жеңіс күні;                    ә) Бірлігі күні;

б) Жаңа жыл;                    в) Әйелдер күні;

г) Үкімет құрамына.

## 2.5 модуль. Қыс

**1. Қыс айларын анықта:**

а) желтоқсан, қаңтар, ақпан;

ә) жаз, күз, көктем;

б) наурыз, сәуір, мамыр;

в) маусым, шілде, тамыз;

г) қыркүйек, қазан, қараша.

**2) Шыршаны қай мейрамға құрады?**

а) Халықаралық әйелдер күніне;

ә) Наурыз мейрамына;

б) Конституция күніне;

в) Жаңа жылға;

г) Жеңіс күніне.

**3. Жұмбақты шеш.**

Табаныма байладым, қос таяқпен айдадым.

а) коньки;                        ә) шана;

б) шаңғы;                        в) мұз;

г) аққала.

**4. «Қыс» тақырыбына байланысты сөздерді анықта:**

- а) наурыз мерекесі, бүршік, көбелек;
- ә) боран, аяз, қар, мұз;
- б) жаңбыр, гүл, аққулар;
- в) өзен, шалғын, көл;
- г) кітап, оқушы, дәптер.

**5. Балалар қысқы демалысты қалай өткізеді?**

- а) Өзенге барып, суға шомылады.
- ә) Мұз айдынына барып, коньки тебеді.
- б) Орманға барып, саңырауқұлақтар жинайды.
- в) Бақшада жеміс-жидек тереді.
- г) Ауылға барып, шөп шабады.

**6. I жақтағы етістіктің көпше түрін анықта:**

- а) өткізесің;                      ә) өткіземіз;
- б) өткізді;                        в) өткізесіз;
- г) өткіземін.

**7. Сөйлемдегі етістікті анықта:**

Мен ауылда шаңғы, шана тебемін.

- а) шаңғы;                        ә) шана;
- б) тебемін;                      в) мен;
- г) ауылда.

**8. «Қыс» тақырыбына байланысты сын есімдерді анықта:**

- а) ыстық, жеңіл, жаңбырлы;
- ә) мөлдір, таза, өнерлі;
- б) боранды, қарлы, суық;
- в) көрікті, жазғы, күзгі;
- г) кешкі, таулы, қалалық.

**9. Қыста ауа райы қандай болады?**

- а) Күн салқындайды, жаңбыр жауады.

- ә) Күн жылынады, қар ериді.
- б) Жел соғады, жерге көк шығады.
- в) Күн ыстық болады.
- г) Қар жауады, аяз болады.

**10. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды**

Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.

Үсті-басы - ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды... - өлеңнің авторы кім?

- а) Ыбырай Алтынсарин;
- ә) Абай Құнанбайұлы;
- б) Мұзафар Әлімбаев;
- в) Жамбыл Жабаев;
- г) Қадыр Мырзалиев.

**2.6 модуль. Ұлттық ойындар. Спорт**

**1. Төрт түлік малды анықта:**

- а) ит, мысық, қасқыр, түлкі;
- ә) арыстан, піл, қоян, жолбарыс;
- б) үйрек, тауық, қаз, көгершін;
- в) түйе, сиыр, жылқы, қой;
- г) қарлығаш, балапан, аю, жылан.

**2. Қазақ халқының ұлттық ойын түріне жатпайтын ойын:**

- а) асық;                              ә) тоғызқұмалақ;
- б) шахмат;                        в) ақсүйек;
- г) ханталапай.

**3. Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөз табы:**

- а) зат есім;                      ә) сын есім;
- б) етістік;                        в) сан есім;                      г) есімдік.

#### 4. Етістіктің сұрақтары:

- а) не істеді? қайтті?      ә) кім? не?  
б) қайда? қашан?      в) кімге? неге?  
г) қандай? неше?

#### 5. Дене шынықтыру сабағы қайда өтеді?

- а) қазақ тілі кабинетінде;  
ә) спорт залында;  
б) мәжіліс залында;  
в) асханада;  
г) кітапханада.

#### 6. Асықты неден жасайды?

- а) сиырдың сүйегінен;  
ә) қойдың сүйегінен;  
б) жылқының сүйегінен;  
в) түйенің сүйегінен;  
г) иттің сүйегінен.

#### 7. «Ұлттық ойын» сөз тіркесінің аудармасы:

- а) национальное блюдо;  
ә) национальная одежда;  
б) национальный костюм;  
в) национальная игра;  
г) национальный праздник.

#### 8. Болымсыз етістікті анықта:

- а) тігеді;      ә) анықтайды;  
б) ойнамайды;      в) ұтады;      г) атады.

#### 9. Олимпиада чемпионын анықта:

- а) Тоқтар Серіков;      ә) Серік Сәпиев;  
б) Шәкен Айманов;      в) Әбілхан Қастеев;  
г) Қаныш Сәтбаев.

#### 10. Дене шынықтыру сабағы аптасына неше рет болады?

- а) бес рет;      ә) төрт рет;  
б) үш рет;      в) екі рет;      г) бір рет.

#### 2.7 модуль. Менің қалам

##### 1. Сен қай қалада тұрасың?

- а) Ақтөбе қаласында;      ә) Атырау қаласында;  
б) Алматы қаласында;      в) Ақсай қаласында;  
г) Орал қаласында.

##### 2. «Медеу» мұз айдыны қай қалада орналасқан?

- а) Павлодар қаласында;      ә) Астана қаласында;  
б) Алматы қаласында;      в) Тараз қаласында;  
г) Семей қаласында.

##### 3. Астана қаласы қай өзеннің жағалауында орналасқан?

- а) Жайық өзені;      ә) Есіл өзені;  
б) Сырдария өзені;      в) Шу өзені;  
г) Тобыл өзені.

##### 4. Тәуелсіз Қазақстанның Елордасы

- а) Алматы қаласы;      ә) Қызылорда қаласы;  
б) Өскемен қаласы;      в) Ақтау қаласы;  
г) Астана қаласы.

##### 5. Орал қаласы Қазақстанның қай өңірінде орналасқан?

- а) Оңтүстік Қазақстанда;  
ә) Солтүстік Қазақстанда;  
б) Шығыс Қазақстанда;  
в) Батыс Қазақстанда;  
г) Орталық Қазақстанда.

##### 6. Астана қай жылдан бастап Қазақстанның елордасы болды?

- а) 1991 жылдан;      ә) 1992 жылдан;  
б) 1993 жылдан;      в) 1995 жылдан;

г) 1997 жылдан.

**7. Келер шақтағы етістікті анықта:**

- а) қойылған;            ә) орналасқан;  
б) аталған;            в) салынады;  
г) өзгертілген.

**8. Азық-түлік дүкенінде не сатылады?**

- а) ойыншықтар;        ә) киімдер;  
б) аяқ киімдер;        в) азық-түліктер;  
г) кітаптар.

**9. Зат есім нені білдіреді?**

- а) заттың түсін;        ә) заттың атын;  
б) заттың қимылын;    в) заттың санын;  
г) заттың дәмін.

**10. Өткен шақтағы етістікті анықта:**

- а) жүріп жатыр;        ә) құлпырып келеді;  
б) азайтады;            в) көрсетеді;  
г) қаланған.

**2.8 модуль. Менің мектебім**

**1. «Мектеп» деген тақырыпқа байланысты сөздерді анықта:**

- а) ұстаз, қоңырау, үзіліс, оқулық;  
ә) ауа райы, жаңбыр, орман;  
б) жануарлар, табиғат, өсімдіктер;  
в) ата-ана, отбасы, жанұя;  
г) ойын, егін, нан, сүт.

**2. Жаңа оқу жылы қашан басталады?**

- а) қазанда;            ә) қарашада;  
б) ақпанда;            в) наурызда;  
г) қыркүйекте.

**3. Білім күнін белгіле:**

- а) 1 қаңтар;            ә) 1 қыркүйек;  
б) 16 желтоқсан;      в) 22 қыркүйек;  
г) 30 тамыз.

**4. Сан есім нені білдіреді?**

- а) заттың атын;        ә) заттың түрін, түсін;  
б) заттың іс-қимылын;    в) заттың санын, ретін;  
г) заттың сипатын.

**5. Сан есімі бар сөйлемді анықта:**

- а) Әлиханның анасы – мұғалім.  
ә) Біздің мұғалім – өте жақсы адам.  
б) «Мектеп» деген сөз араб тілінен шыққан.  
в) Бірінші қыркүйекте алғашқы қоңырау соғылды.  
г) Оқушылар асханада тамақ ішеді.

**6. Есептік сан есімі бар сөйлемді анықта:**

- а) Мұғалім сыныпқа кірді.  
ә) Сыныпта жиырма бес оқушы бар.  
б) Сабақ кеш басталды.  
в) Қоңырау соғылды.  
г) Оқушылар үзіліске шықты.

**7. Реттік сан есімі бар сөз тіркесті анықта:**

- а) мектеп жанында;        ә) қазақ тілі сабағы;  
б) жас оқытушы;        в) алтыншы сабақ;  
г) үш тақта.

**8. Болжалды сан есімі бар сөйлемді анықта:**

- а) Қыркүйек айы келді.  
ә) Мектепте жөндеу жұмыстары аяқталды.  
б) Мектеп сыныптары таза және жарық.  
в) Мектепте мыңға жуық оқушы оқиды.  
г) Оқушылар мектеп асханасында тамақтанады.

**9. Жинақтық сан есімі бар сөйлемді анықта:**

- а) Бірінші қыркүйекте мектепке барды.

- ә) Бір оқушы сабаққа кешігіп қалды.
- б) Екінші қабатта мұражай орналасқан.
- в) Кабинетте үш терезе бар.
- г) Екеуі сыныпқа кіріп келді.

**10. Сын есім қандай сұраққа жауап береді?**

- а) кімдер?                      ә) қандай?
- б) қайда?                      в) кімнен?
- г) нешінші?

**2.9 модуль. Көктем**

**1. Қар еріп, су ағады,**

**Сарқырап сайға толады.**

**Күн ұзарып, жылиды,**

**Бұл қай кезде болады?**

- а) жазда;                      ә) қыста;
- б) көктемде;                в) күзде;
- г) түнде.

**2. Көктем айларын ата:**

- а) жаз, күз, қыс;
- ә) қыркүйек, қазан, қараша;
- б) желтоқсан, қаңтар, ақпан;
- в) маусым, шілде, тамыз;
- г) наурыз, сәуір, мамыр.

**3. Көктем мерекесін ата:**

- а) Жаңа жыл;
- ә) Халықаралық әйелдер күні;
- б) Тәуелсіздік күні;
- в) Конституция күні;
- г) Білім күні.

**4. Наурыз мерекесі қашан тойланады?**

- а) 1-қаңтарда;                ә) 8-наурызда;

- б) 9-мамырда;                в) 1-мамырда;
- г) 22-наурызда.

**5. Күшейтпелі шырай қатысқан сөйлемді анықтаңыз:**

- а) Көктемде Жайық өңіріне аққулар ұшып келеді.
- ә) Көк шалғынға киіз үй тіккенбіз.
- б) Аққу су сабалап, сыңсыды.
- в) Аққудың қасына жүзіп жеттім.
- г) Тырна – өте сақ құс.

**6. Салыстырмалы шырай қатысқан сөйлемді анықтаңыз:**

- а) Мен анама гүл сыйлаймын.
- ә) Аққулар тобымен орман ішіне қонды.
- б) Көктемде күн жылынады.
- в) Құстар жылы жақтан ұшып келеді.
- г) Көгілдір көктемнің жаршысындай тырнарлар ұшып келеді.

**7. Дұрыс құрастырылған сөйлемді анықтаңыз:**

- а) Биыл көктем ерте келді.
- ә) Көктем келді биыл ерте.
- б) Ерте келді көктем биыл.
- в) Келді биыл ерте көктем.
- г) Биыл келді көктем ерте.

**8. Наурыз мерекесінің басты тағамы –**

- а) қуырдақ;                      ә) бауырсақ;
- б) бесбармақ;                в) наурыз көже;
- г) қымыз.

**9. Көктемнің алғашқы гүлі –**

- а) бәйшешек;                ә) қалампыр;
- б) раушан;                      в) қызғалдақ;
- г) түймедақ.

## 10. Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?

- а) Жапырақтар сарғаяды.
- ә) Жерге көк шығады.
- б) Құстар ұшып кетеді.
- в) Боран соғады.
- г) Аяз болады.

### 2.10 модуль. Жаз

#### 1. Күн де ысып, Шөп пісіп, Ел пішенін орады. Бұл қай кезде болады?

- а) жазда;                      ә) қыста;
- б) көлде;                      в) көктемде;
- г) өзенде.

#### 2. Жаз айларын ата:

- а) желтоқсан, қаңтар, ақпан;
- ә) маусым, шілде, тамыз;
- б) жаз, күз, көктем;
- в) қыркүйек, қазан, қараша;
- г) наурыз, сәуір, мамыр.

#### 3. Балалар жазда не істейді?

- а) Жаңа оқу жылы басталады.
- ә) Оқу жылы аяқталады.
- б) Жазғы демалысқа шығады.
- в) Наурыз мейрамын тойлайды.
- г) Жаңа жылға дайындалады.

#### 4. Есімдік бар сөйлемді анықта:

- а) Жазда жемістер піседі.
- ә) Маған жаз мезгілі өте ұнайды.

- б) Жазда адамдар демалады.
- в) Балалар өзенге шомылуға келді.
- г) Жазғы Астана өте әдемі.

#### 5. Есімдік қай сөздер табының орнына жүреді?

- а) есім сөздер;                      ә) етістік;
- б) үстеу;                              в) шылау;
- г) одағай.

#### 6. Жіктеу есімдігін анықта:

- а) оның, мен, сізге;                      ә) бұл, анау, мынау;
- б) кім? неше? қайда?                      в) бәрі, барлық, тегіс;
- г) өзім, ешкім, ешқайда.

#### 7. Сұрау есімдігі бар сөйлемді анықта:

- а) Жазда ауылға бардың ба?
- ә) Көл жағасында болдың ба?
- б) Ауа райы қандай болады?
- в) Саған ауыл ұнады ма?
- г) Биыл жаз өте ыстық емес.

#### 8. Сөйлемде есімдіктің қай түрі кездеседі?

Бұл жерде суға түсуге болмайды.

- а) жіктеу;                              ә) сілтеу;
- б) өздік;                                в) белгісіздік;
- г) сұрау.

#### 9. Өздік есімдігін анықта:

- а) саған, оған, маған;                      ә) сенен, бізден, одан;
- б) сен, мен, ол;                              в) өзім, өзіміздің, өзі;
- г) сол, мынау, міне.

#### 10. Жаз мезгілінде тойланатын мейрам –

- а) Қазақстан халықтарының бірлігі күні;
- ә) Жаңа жыл;                              б) Конституция күні;
- в) Жеңіс күні;                              г) Наурыз мейрамы.



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 30.12.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 910. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№1, 2015 ж., 144 бет, Алматы.